

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Екі айда бір шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ
тарихы” ЖШС

№4 (205),
ШІЛДЕ-ТАМЫЗ
2023 ЖЫЛ
1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Төраға: Әлімбай Н. – проф.,
этнолог (Алматы).

Орынбасары:

Салықбай Ә.Ж. – журнал
редакторы (Алматы).

Мүшелері:

Қабылдинов З.Е. – т.ғ.д.,
проф., (Алматы).

Байтанаев Б.Ә. – т.ғ.д., проф.,
(Алматы).

Әбіл Е.А. – т.ғ.д., проф.,
(Астана).

Аяған Б.Г. – т.ғ.д., проф.,
(Астана).

Кәрібаев Б.Б. – т.ғ.д., проф.,
(Алматы).

Қарасаев Ғ.М. – т.ғ.д., проф.,
(Астана).

Төлеубаев Ә.Т. – т.ғ.д., проф.
(Алматы).

Жұмағұлов Қ.Т. – т.ғ.д., проф.
(Алматы).

Ууата Tomohiko. – т.ғ.д.,
проф. (Japan, Sapporo).

Буканова Р.Г. – т.ғ.д., проф.
(Башқұртстан, Уфа).

Қурманов З.К. – с.ғ.д., проф.
(Қырғызстан, Бішкек).

Невежин В.А. – т.ғ.д., проф.
(Ресей, Мәскеу).

Еңсенов Қ.А. – т.ғ.к., қауымд.
проф. (Астана).

Нұргүл Қасымқызы –
жауапты редактор.

.....
Басуға 01.08.2023 ж. жіберілді.
Шартты б.т. – 4.25
СТР басылым. Бағасы келісімді.
Индекс – 75748.
Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Акимбаев" ЖҚ-де басылды.
Алматы қ., Төле би көшесі. 203-үй.

МАЗМҰНЫ

Тарихи тұлғалар

ЕДІЛХАНОВА С.

Қазақ-Жоңғар қарым-қатынастарындағы

құқықтық мәселелер2

Тәуелсіздік жолындағы ұлт-азаттық көтерілістер

ИБРАЕВА Г., ХАСЕНОВ С., АҚЖАСАРОВА А., ЖҰМАҒҰЛОВА Қ.

1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің

отандық тарих ғылымынан алатын орны.....15

Отарлау саясатының сыр-сипаттары

САЛҚЫНБЕК Д., КСЕНЖИК Г.

Талапайға түскен қазақ жері.....23

Этнология – ел дәстүрі

ТІЛЕУБАЕВА Г. Қоғам әлеуметтенуіндегі дәстүрдің рөлі.....33

Жыр-шашу

ІРГЕБАЙТЕГІ С.

Ана тілім. Ұстазым. Жан әке.....38

FTAXP/IRSTI/MPHTI: 03.01.07

Светлана ЕДИЛХАНОВА,
Ш.Есенов атындағы КТИУ, корреспондент автор,
E-mail: sedil76_@mail.ru, Қазақстан, Ақтау

ҚАЗАҚ-ЖОҢҒАР ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Мақалада қазақ және жоңғар халықтарының заңдары – «Жеті Жарғы» мен «Их Цааз» арасындағы ұқсастықтары мен ортақ бөлімдері талқыланып, сарапталды. Ғасырлар бойы дала заңдары дамып, эволюциядан өтіп жатты. Бұл жарғылар көшпелі халықтардың қоғамдық, құқықтық, саяси өмірінің реттеушісі және тұрақтылықтың кепілі болды. Дәстүрлі заңдар арқылы дала билеушілері өз мемлекеттерінде тәртіп орнатты. Аталған заң кодекстеріне моңғол дәуіріндегі Шыңғыс ханның «Ұлы Жасағы» зор ықпалын тигізді. Бұдан басқа Қазақ хандығының билеушісі Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» одан бұрын пайда болған, әрі бойына қазақ халқының ежелгі салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын сіңіріп, жинақтаған «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолының» да елеулі әсері болды.

Түйін сөздер: Қазақ хандығы, Жоңғар хандығы, Шыңғыс хан, «Ұлы Жасақ», Батыр қонтайшы, «Их Цааз», Тәуке хан, қазақ билері, «Жеті Жарғы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы», Қалмақ хандығы, «Он сегіз дала заңы», көшпенділер өркениеті.

Светлана ЕДИЛХАНОВА,
КУТИ имени Ш.Есенова, корреспондирующий автор
E-mail: sedil76_@mail.ru, Казахстан, Актау

ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВЫХ ВЗАИМОСВЯЗЕЙ КАЗАХОВ И ДЖУНГАР

В статье были рассмотрены и проанализированы сходства в правовых уложениях казахского и джунгарского народов – «Жеті Жарғы» и «Их Цааз». На протяжении столетия степные законы развивались и эволюционировали. Эти уложения являлись регулятором общественной, правовой, политической жизни кочевых народов, гарантом

стабильности. С помощью традиционных законов правители степей устанавливали порядок в своих государствах. В свое время на кодексы законов кочевников огромное влияние оказала «Великая Яса» Чингис хана. Что касается «Жеті Жарғы» («Семь Уложений») Тауке хана то на него повлияли и более современные уложения, такие как «Чистая дорога Касым хана» и «Древняя дорога хана Есима», которые вобрали в себя древние традиции и обычаи казахского народа.

Ключевые слова: Казахское ханство, Джунгарское ханство, Чингис хан, «Великая Яса», Батур-хунтайджи, «Их Цааз», Тауке хан, казахские бии, «Жеті Жарғы», «Чистая дорога Касым хана», «Древняя дорога хана Есима», Калмыцкое ханство, «Восемнадцать степных законов», цивилизация кочевников.

Svetlana YEDILKHANOVA,
YU named after Sh .Yesenov, Corresponding author,
E-mail: sedil76_@mail.ru, Qazaqstan, Aqtau

PROBLEMS OF LEGAL INTERRELATIONS OF KAZAKHS AND DZUNGARS

The article examined and analyzed the similarities in the legal codes of the Kazakh and Dzungarian peoples - "ZhetiZhargy" and "IkhTsaaz". Over the centuries, steppe laws have developed and evolved. These codes were the regulator of the social, legal, political life of nomadic peoples, the guarantor of stability. Using traditional laws, the rulers of the steppes established order in their states. The "Great Yasa" of Genghis Khan had a great influence on the codes of laws of nomads at the time. As for "Jeti Zhargy" ("Seven Codes") of Tauke Khan, it was also influenced by more modern codes, such as "Clean Road of Kasym Khan" and "Ancient Road of Yesim Khan", which absorbed the ancient traditions and customs of the Kazakh people.

Key words: Kazakh Khanate, Dzungar Khanate, Genghis Khan, "Great Yasa", Batur-khuntaiji, "Ikh Tsaaz", Tauke Khan, Kazakh Biys, "ZhetiZhargy", "Kasym Khan's Clean Road", "Ancient Road of Yesim Khan", Kalmyk Khanate, "Eighteen Steppe Laws", civilization of nomads.

*«Жеті Жарғы» жазбалары мен
«Их Цааз» мәтінін салыстыру
екеуінің арасында көптеген
ортақ белгілер мен
ұқсастықтарды көрсетіп
берді.*

Т.И.Сұлтанов.

Кіріспе: Қазақ және жоңғар халықтары арасындағы ұзаққа созылған өзара байланыстар, оған қоса қоғамдық өмірдегі әлеуметтік жағдайдың ұқсастығы олардың құқықтары мен заң-

дарындағы ұқсастықтарға да ықпал етті. Құқықтық негіздердің ортақтығының маңыздылығына қарамастан, кеңестік және қазіргі қазақстандық тарихнамада бұл тақырып сарапталмады. Менің ойымша, бұл мәселенің тарихшылардың назарынан тыс қалу себебі, оның тарих және құқықтану атты екі ғылымның тоғысында орналасуы.

П.С.Паллас, Ф.И.Леонтович, К.Ф.Голстунский, Я.И.Гурлянд сияқты ресейлік зерттеушілер Ресей-

дің оңтүстік шекаралары бойында орналасқан халықтардың заңдарындағы ұқсас белгілерге мән бере отырып, осы ортақтастықтың пайда болуына, қазақ, қалмақ, моңғол, тунгус халықтарының дәстүрлерінің өзара ықпалы, қоғамдық реттеу құралдарының жұмысына ерекше назар аударды. Ең соңында бұл зерттеушілер Шыңғыс ханның заңдары – «Ұлы Жасаққа» шығады. XII ғасырдың басынан орын алған моңғол басқыншылығы Шығыс Еуропа, Чехия мен Болгарияға дейін тараған болатын.

Моңғол заңдарының әйгілі зерттеушісі К.Ф.Голстунский алғашқылардың бірі болып, бұл заңдардың көрші елдерге тигізген ықпалын қарастыра бастады: «Моңғол заңдарының моңғолдардың қол астында болған тайпалар мен халықтарға ықпалына тоқталсақ, бұл ықпалы халықтар моңғолдың қол астында неғұрлым ұзақ болса, соғұрлым елеулі болды. Шығыс Сібірдің халықтары, соның ішінді тунгус, бурят тайпаларының құқықтық дәстүріндегі ұқсастықты Паллас, Георги, т.б. саяхатшылардың зерттеулері дәлелдейді. Барлығының бір ортақ негізі – моңғолдардың тайпалық құқығы. Моңғол құқығының ықпалын ежелгі орыс заңдарынан да байқауға болады». Автордың айтуына қарағанда: «... моңғолдық және мәскеулік дәуірдің орыс ескерткіштері ескі орыс дәстүріне өніп кеткен моңғол құқығы институтының іздерін аша отырып, бұл құқықты зерттеудегі маңызды дерек болып табылады,

ал моңғол құқығы болса, ежелгі орыс құқығын зерттеудегі өте қажетті дерек» [1, 246-б.]. К.Ф.Голстунский моңғол заңдарының қазақ құқығына тигізген ықпалын қарастыра отырып, мынадай шешімге келеді: «... моңғол басқыншылығы кезінде қырғызарасында моңғол құқығы, соның ішінде Шыңғыс ханның «Ұлы жасағындағы» ұстанымдар кеңінен тарады. Кейін, тәуелсіз қазақ хандықтары дәуірінде, қазақтардың өз заңдары пайда болғанда да, олар жоғалып кетпеді» [1, 20-б.].

К. Ф. Г о л с т у н с к и й д ің пайымдауын орыс заңтанушы-тарихшысы Я.И.Гурлянд та растайды. Оның «Степные законодательства с древних времен по XVII столетие» атты еңбегінде мынадай мәліметтер кездеседі: «XIII ғасырдан бастап қазақтар Шыңғыс хан империясының құрамында болды. Ханның ұрпақтарын да өз билеушілері ретінде таныды. Сондықтан, жаулап алушының әдет-ғұрыптары мен заңдары қазақтардың ішінде тарауы тиіс болды, сол себепті Шыңғыс ханның «Ұлы жасағы» бұл дәуірдегі қазақтар үшін маңызды заңды құқық болып саналды. XVI ғасырға дейінгі қазақ заңдары моңғол заңдарына өте ұқсас, себебі тек осы кезеңде ғана тәуелсіз қазақ хандығының тарихы басталды» [2, 108-б.].

Материалдар мен әдістер:

Мақалада қазақстандық, орыс және қалмақ тарихшыларының еңбектері мен монографиялары және тарихи-сипаттамалық, сыни, салыстырмалы, тарихи-құрылымдық әдістері қолданылды.

Талқылау: 1640 жылы Тарбағатайда Жоңғария, Батыс Моңғолия, Халха, Кукунор, Еділ бойы хандары, тайшылары мен шонжар нояндардың съезі болды. Бұл съезде «Дала жарғысы - Их Цааз» атты заңдар жүйесінің кодексі қабылданды. Заңдардың мақсаты – сыртқы қытай экспансиясы қаупінің алдында моңғол хандарын біріктіру болды. Иакинф Бичурин: «Их Цааз» – бұл моңғол халқының құқығы, әдет-ғұрпы, ой-санасы, өмірлік дәстүрлері мен ағартушылық деңгейі көрініс тапқан айна»,– деп, ерекше атап өтті [3, 281-б.].

Бұл оқиғаға И.Я.Златкин де назар аударды: «... заңдар моңғол қоғамының ішкі өмірі мен сыртқы саяси жағдайын түсінуге мүмкіндік беретін құнды дерек деп айтсақ, артық болмайды. Олардың негізінде үш мақсат жатыр: шонжарлардың ішкі қарым-қатынастарын реттеу арқылы талас-тартыстарға жол бермеу; сырттан келген қатерге қарсы күресте күштерін біріктіріп, өзара көмекті қамтамасыз ету; феодалдық тәртіп пен ханның, шонжарлардың билігін нығайту. Жоңғар хандығының билеушісі Батыр-қонтайшы ел ішіндегі араздық пен ішкі талас-тартыстарды жоюда, сырттан келген жауға қарсы күресте бас қосуда шешуші рөл атқарды. Жоңғар съезінің бейбіт, әрі біріктіруші бағыты Батыр-қонтайшының Моңғолияның саяси егемендігін қамтамасыз ету жолындағы ішкі және сыртқы саясатымен тұспа-тұс келді» [4, 113-б.].

Қазақ тарихы

№4 (205), шілде-тамыз, 2023

И.Я.Златкиннің қорытындысын тарихшы У.Эрдниев те қолдайды: «Жылдан жылға қарай өсіп келе жатқан сыртқы қауіп салдарынан моңғолдарды біріктіру идеясы жеңіп бастады. Ойрат басшыларының зор ұйымдастырушылық, саяси-ағартушылық еңбегінің нәтижесінде 1640 жылы бүкілмоңғол съезі шақырылды. Бұл съезге моңғол және ойрат жерлерінің барлық билеушілері, ақсүйектері, ірі дін өкілдері келіп жиналды. Тек маньжур жаулап алушыларының қол астындағы Ішкі және Шығыс Моңғолия жерлерінің билеушілері ғана келмеді. Съезге қатысушылар мынадай ресми, салтанатты ант берді: «моңғолдар арасында араздық енгізбейміз, қандас бауырларымызға құл ретінде қарамаймыз, бір-бірімізге жамандық жасамаймыз» [5, 62-б.].

Көшпелілердің әлеуметтік құрылымындағы заңдардың реттеуші рөлін зерттеуші Г.Е.Марков ерекше атап өтті: «1640 жылы ойрат шонжарларының сеймінде қабылданған заңдарда олардың әлеуметтік қызығушылығы көрініс тапты. Заңдар, сонымен бірге ақсүйек топтың халықпен қарым-қатынастарын да суреттейді. Ойрат билеушілерінің алдында тұрған мақсаттары – саяси жағдайды тұрақтандыру, талас-тартысты тоқтату, іс-әрекетті реттеу болды. Шапқыншылыққа, тонаушылыққа, мал айдап кетуге қарсы бағытталған арнайы заң баптары шықты» [6, 97-б.].

Аталған жарғы Жоңғарияда бұл хандық 1756-1758 жж. жойылғанға дейін қолданылды. Калмыкияда

«Их Цааз» 1741-1753 жж. дейін, кейін жарғының қысқартылған, сәл өзгерген құрамдас бөлігі ХХ ғасырға дейін пайдаланылды. Мұнда бұл заңдарды орыс үкіметі ресми мойындады. Ал Дондук-Дашидің айтуы бойынша, «Их Цааздың» толық мәтіні Аюке-хан қайтыс болғаннан кейін хан тағы үшін басталған күрес жылдарында жоғалып кетті, ақыры табылмады [7, 141-б.].

Жоңғар хандығының бірігуі мен күшеюі қазақ халқына қауіп төндірді. Хандықты толықтай жұтуға дайын Цин империясы ойрат шекараларында белсенді түрде қимылдап жатты. Сондықтан жоңғарлар батысқа және оңтүстікке қарай сырғуға мәжбүр болды. Дәл осы жерде олар өз бостандығын сақтауға тырысқан қазақтармен күресін бастайды. Жоңғарлармен соғыстар төніп жатты, бұл үшін Қазақ хандығын іштей де, сырттай да күшейту қажет болды. Жаңа заңдар шығару, қатаң тәртіп енгізу хандықтың қоғамдық құрылысын жақсы жағына қарай өзгертіп, бекітер еді. Жаңа заңдардың қажеттілігі сол заман талабына сәйкес келді.

Тарихтан бізге белгілі нәрсе Тәуке елінің ауыр кезеңінде хан болып сайланды. Екі майданға: Жоңғария мен Аштарханилерге қарсы күрес өте қиынға түсті. ХVII ғасырдың аяғында қазақтар Жетісу аймағындағы жерлерінен айырылды. Бұл қазақ арасында жер үшін жанжалды көбейтеді. Дәл осы жерде жаңа заңдар жинағы қазақ қоғамының тұрақтылығы мен қауіпсіздігінің кепілі болар еді. 1680 жылы Тәуке хан «Жеті Жарғы»

деп аталатын заңдар кодексін енгізеді. Орыс деректерінде бұл оқиға туралы былай деп жазылды: «ХVII ғасырда Тәуке хан Күлтөбе маңында Әлібекұлы Төле бастаған билерді жинап, заң шығарды» делінді Гродековтің еңбегінде [8, 24-б.].

Қазақ тарихшыларының айтуы бойынша: «Жеті Жарғы» – сол дәуірдегі қазақ халқының қоғамдық және саяси өмірінен көрініс тапқан заңдар ескерткіші. Зерттеуші С.Өзбекұлы былай деді: «*Жеті Жарғының*» әрбір бөлімі билердің қатаң сараптауынан өткен, көптеген ойлар мен идеялардың тоғысында пайда болған қазақтың қоғамдық өмірінің, ұлтты қорғауға, көшпелі өмірдегі қоғамдық байланыстарды реттеудің тұғыры еді» [9, 29-30-б.].

Қазақ тарихшылары сонымен бірге жоңғар мен қазақ халықтарының өздерінің кезекті заңтанушылық құқықтарын ойлап шығару уақытының сәйкестігін де зерттеді. Т.И.Сұлтановтың «Кочевые племена Приаралья XV-XVII вв.» атты монографиясында мынадай ой келтіріледі: «*«Жеті Жарғының» пайда болу уақыты ХVII ғасырдың 80-жылдары және бұл Тәуке хан мен оның айналасындағылардың ойраттың Галдан қонтайшысының заң шығарушы іс-әрекетіне жауабы болды*» [10, 67-б.].

Тәуке ханның заң шығарушы реформасының нәтижесі туралы тарихшы Н.Өсерұлы былай деп жазды: «*Осы заңдарға сүйенген қазақ билері қоғам ішіндегі дау-жанжалдарды шешіп отырды. Соның нәтижесінде ел іші*

тынышталып, жұрт бейбіт өмір сүрді; адамдарға береке кірді. Хандық билік әжептәуір нығайды. Сыртқы дұшпандармен тең құқықта сөйлесуге мұрша берді. Тәуке хан сұлтандар үстемдігінің әлсіреп бара жатқанын дер кезінде көре біліп, билер мен батырларға сүйенді. Әсіресе, билер ролін күшейтті. Билер сот қызметінен бастап, ру басшысына дейінгі, қажет болса елшілік қызметті де атқарды» [11, 11-б.].

Қазақстандық зерттеуші А.Оразбаеваның көзқарастары осы тарихшының қорытындыларына ұқсайды, өз монографиясында ол «Жеті Жарғы» заңының пайда болған уақыты мен қазақ қоғамындағы билердің басты рөліне ерекше мән берді [12].

«Жеті Жарғыны» зерттеушілер осы жаңа заңға негіз болған ертедегі қазақ құқығына баса назар аударды. К.Ф.Голстунский мынадай мәлімет келтіреді: «Жаппас руының старшыны Көбек Шүкірәлиевтің жазбаларына сүйене отырып, Спасскийдің айтуы бойынша: қазақ халқында ежелгі заманның өзінде заңдардың болғанын, сол заңдарды Тәуке хан XVII ғасырдың екінші жартысында қазақ халқына ортақ заңдар ретінде мақұлдады» [1, 244-б.].

Нәтижесі. Әрине, ежелгі қазақ құқығы толықтай Шыңғыс ханның жасағына тәуелді деп айтуға болмайды. Моңғол шапқыншылығына дейін де ежелгі қазақ ру-тайпаларында өз заңдары болды, ал олардың толықтай Шыңғыс ханның заңының есебінен жоғалып кетуі мүмкін емес еді. Құқықтанушы С.Л.Фукстың мағ-

лұматына тоқталсақ, ол өз зерттеуіне негізінен XVIII-XIX ғасырдың басындағы мәліметтерді қолданды, себебі қарастырылып отырған мәселеге қажетті XV-XVII ғғ. материалдар өте аз еді: «Қазақ мемлекетінің, құқығының айқын консервативті сипаты көптеген жағдайда мемлекеттік-құқықтық нысандарының қалыптасып, дамуын зерттеуге мүмкіндік береді» [13, 19-б.].

Қазақтың әйгілі ғалымы, құқықтанушы, әрі тарихшы С.Зимановтың мына көзқарасы ерекше құнды: «Қазақ құқығының негізгі қайнар көзі – Ұлы даланың нормативті жүйесі мен мәдени дәстүрі. Ол шет мемлекеттердің үстемдігі кезінде ерекше табандылық көрсете білді» [14, 25-б.]. Бірақ, дегенмен, Шыңғыс ханның жасағының ықпалының болғанына күмән жоқ. Қазақ заңдарындағы «барымта» мен «қанды кек» сияқты бөлімдердің негізінде «Ұлы Жасақ» жатыр.

Тарихшы И.Я.Златкин де жоңғарлардың ежелгі заңдарына назар аударды: «Их Цааздың» пайда болу тарихын зерттей отырып, бұл ежелгі қалмақ құқығының негізінде кейін заңды күшіне ие болған ертеректегі халық дәстүрлері болғанын атап өту керек» [4, 93-б.]. Т.И.Сұлтанов қазақ және жоңғар заңдарының ұқсастығын зерттеген бірден-бір ғалым: ««Жеті Жарғыны» «Их Цааздың» мәтінімен салыстыру кезінде екеуінің арасындағы біршама ұқсастықтарды көрсетті» [10, 77-б.]. Екі көшпелі халықтың құқықтық кодекстерін зерттеген кезде, шынында,

біраз ортақ бөлімдерді кездестіруге болады. Мысалы, екі халықтың да шонжарларға деген қатынасы бірдей болды. Оларды балағаттағаны үшін бірдей айыппұл салынды. «Жеті Жарғыда»: «Егер кімде-кім қожаны немесе сұлтанды сөзбен ренжітсе, қолымен сілтесе, бірақ ұрмаса, 9 түрлі мал есебінде айып төлейді. Ал егер ұрса, 26 мал мен түйе береді немесе оның саусағын кесу керек». «Их Цаазда»: «Басты шонжарды ренжіткенді ..., шонжардың шенеуніктерін ренжіткеннен бір тоғыздық, ұрса, бес тоғыздық. Кіші шонжарды ренжіткеннен 5 мал, қатты ұрса, үш тоғыздық, жәй соққы үшін екі тоғыздық айып алу керек» [15, 39-б.].

Адамды өлтіргені үшін де заңдардың арасында ұқсастық бар: «бірінші орынды бұл заңда («Жеті Жарғыда») кек алу заңы тұр: қанға – қан; жарақатқа – дәл сондай жарақатпен, өлтірілгеннің туысы қастандық жасаушыны өмірден айыруға құқылы. Бірақ, билердің шешімімен, не екі жақтың келісімімен жазаны өзгертуге болады. Қастандық жасаушы өлтірген ер үшін 1000 қой төлеп, өмірін аман қалуына болады» [16, 202-б.]. «Их Цаазда»: «Егер кімде-кім адам өлтірсе, одан 1000 қой есебінде ұлы айыппұл алу керек» [17, 18-б.]. Екі жарғыда да өртеушіге (өрт қоюшы) қойған жазасы бірдей: «Егер кімде-кім әдейі өртесе, оны біліп қалса, барлық өртеліп кеткеннің айыбын төлеу керек, егер адам өртеніп кетсе, құн төлейді, төлемесе, өлім жазасына кесіледі», – деп

айтылды «Жеті Жарғыда». Жоңғар жарғысында: «Әдейі өрт жіберген оны көріп қалғанға жылқы беру керек, өрт кезінде адам өлсе, андза айыбын төлейді (1000 қой)» [18, 287-б; 1, 36-б.].

Мына қылмыстар үшін де жаза бірдей деп айтуға болады: «Егер кімде-кім біреуді жарақаттаса, бір мүшесін кесіп тастаса, белгілі мөлшерде мал айыбын төлейді. Бас бармақ 100 қой. Шынашақ 20, т.с.с.». «Их Цаазда»: «Бас бармақ пен сұқ саусақтан айырғаны үшін екі тоғыз бен бір бес алу керек. Ортаңғы саусақ үшін бір тоғыз, аты жоқ саусақ үшін бір бес, шынашақ үшін үш мал төлеуі керек» [16, 203-б; 17, 131-б.].

Зерттеліп отырған екі заңның негізгі құқықтық нормалары да ұқсас болып келеді. Мысалы, мына заңдардағы жаза түрлері бірдей: өлім жазасы, мүлікті тәркілеу, мал айыппұлы, әскери сауыт-сайманмен, басқа мүлікпен, композиция, яғни, өлім жазасын құнмен алмастыру, шығынның орнын толтыру. Қылмысты тергеу кезінде пайда болатын қатынастарды реттейтін іс жүргізу құқығы бір-біріне қатты ұқсайды. Жоңғарларда «элчи» атты елші институты болды, оның міндеті – сотқа сотталушыны, куәгерді, талапкерді жеткізу. Тергеу және анықтау үшін белгілі бір уақытқа қамауға алу да болды. Күнөні анықтау үшін басқа әдістермен қоса ант беру де қолданылды. Тарихшы Н.Өсерұлының айтуы бойынша: «Жеті Жарғыда ант беру туралы арнайы заң бар. Мұны ердің құны, жесір дауы, ұрлық, жер дауы секілді күрделі

дауларда қолданған» [11, 50-б.]. Зерттеуші П.Смирнов осыған ұқсас анттарды суреттей отырып, олардың мазмұны мен ерекше сот талқылауындағы маңызын ашып көрсетті [19, 31-б.].

Екі халықтың да жарғысында отбасы қатынастарын реттейтін бөлімдер көп. Үйлену және отбасы қатынастары қатаң түрде реттелді. Қазақта да, жоңғарда да қыздар үшін ұзатылу уақыты 13 жасты құрады (он үште отау иесі), туматуысқан арасында отбасы құруға қатаң тыйым салынды: «Қазақ жеті атаға дейін қыз берісіп, қыз алыспаған». Екі халықта да ата-ананың жағдайына қарап, қатаң түрде сақталған жасаулық институты болды. «Их Цааздың» 52-бабында қалыңдықтың жасауы «тігілген киімнен, жиырма ма-тадан, тоннан, жеңі жоқ тоннан, екі түйе мен екі жылқыдан құралатын болды» [17, 18-б.].

Ұзатылудың заңды мағынасы болды. Мысалы, Н.Өсерұлының айтуы бойынша: «Ежелден бергі әдет-ғұрып заңы бойынша кү-йеу жағынан құдалар алдымен құдалыққа барып, «құйрық-бауыр жесіп», киіт киеді. «Құйрық-бауыр жесісудің» мәні ерекше. Екі жақтан дау-дамай бола қалғанда, кез келген би: «Құйрық - бауыр» жеп пе едіңдер?» деп сұрайды. Желінген болса, құдалық заңды деп есептеліп, дауларын қараған. Ал желінбесе қаралмаған» [11, 36-б.]. Осы жерде Я.Гурлянд мынадай мәліметтер келтіреді: «Күйеу бала оған тиіп-шыққан қыздың мүлкін иемденуге құқығы бар. Егер той болмаса, 37-бапқа сәйкес, тек жартысына ғана. Көшпелі екі

халықта да үйлену тойы тек салтанатты рәсім ғана емес, сонымен бірге, куәгерлері бар, екі жақтан да көпшіліктің алдында келісім берілген заңды акт. Екі заң да отбасының адамгершілік, моральдық негізін қатаң қадағалайды, әйел абыройын зорлықтан сақтайды» [2, 63-б.].

Тарихшы П.Г.Митиров Ф.И.Леонтовичке сүйене отырып, қалмақтарда туысқандарынан мал айдап кету дәстүрдің болғанын айтып өтеді. Бұл дәстүр шеше жағынан жиендердің барлығына бірдей болды. Бірақ, басында олар ағаларына сыйлықпен келіп, сыпайы түрде малдың тиесілі бөлігін сұрайтын болды. Егер келісім болмаса, жиен малды айдап кетуге құқылы болды. Соңғы кезге дейін бұл дәстүр қазақта да «жиенқұрық» деген атаумен кең тараған еді [20, 85, 86-б.]. Ұқсастық негізгі заңды терминдерде де бар. Мысалы: қазақтың «жарғы» сөзі қалмақта «зарго» – «сот» деген, қазақтың «жөн-жосыны» қалмақтың «иосун» (құқық) мағыналарында айтылды. «Төрелік», «төрелесу» сөздерінің тамыры «төре», қалмақта ол «заң» деген мағынаны білдіреді. Екі халықта да «заң» деген сөз кездеседі, бірақ ол қалмақта «дәстүр» деген мағынада.

Қазақтың да, қалмақтың да заңдарында айыппұл бірлігі – «тоғыз». Заңды бұзғаны үшін жоңғарда «түйесі бар тоғыз» айыппұлы салынды. Қазақта бұл айыппұл түрі «түйе бастаған тоғыз» деп аталды.

Екі халықтың да заң жүйесінде әскери құқық ұқсас. «Аталған

заңдарға Тәуке ханның мына жарғысы да қосылды: ханның өзі, барлық сұлтандар, абыздар мен рубасылары күзде бір жерде, даланың ортасында халық ісін талқылау үшін жиналуға тиіс болды. Бірде-бір ер халық жиналысына қарусыз келмеуі керек. Қарусыздың дауыс беру құқығы болмады, кішілері оған орын бермеді» деп жазылды А.И.Левшиннің еңбегінде [16, 358-б.]. 1620 жылғы Жарғының 1-4-бабында: «... егер ноян съезге келмесе, одан сауыт-сайман, жүз түйе, мың жылқы алынатын болды». 5-1-бабында: «... егер кімде-кім съезге үш тәуліктен артық кешіксе, одан он жылқы, бір түйе алынады, егер мүлдем келмесе, жүз жылқы, он түйе алынуы тиіс» [21, 99-б.].

Қорытынды: Екі жарғыда да маңызды орын жер иемденуге берілген. «Тәуке хан ең басынан рулар арасындағы жанжалды тоқтатып, мемлекеттің бірлігін күшейтуге тырысты. Ол үш жүздің жерін территориялық табиғи-климаттық ерекшеліктеріне орай бөлді, жайлау мен қыстаулардың, мал жайылымдардың орнын белгіледі. Әрбір рудың тарихи дәстүріне сәйкес жер иемденуінің қатаң шекарасын белгіледі. Жер рулардың иелігіне берілді. Әрбір ру шекарасы белгіленген жерде ғана көшуге құқылы болды» [11, 31-б.]. «Моңғол, соның ішінде ойрат әкімшілігінің басты міндеті көшетін жердің орнын анықтау, даулы мәселелерді шешу. Өздігінен көштің ауыстыруға тыйым салынды. Көш, жаңа жерге келгенде, өзгенің территориясын

басып алмау үшін, абай болуға тиіс болды. Заң бұзушы айыппұл ретінде үш тоғыз төлейтін болды» [20, 31-б.].

Қазақтың да, қалмақтың да заңдарында сотталушы болмаса, немесе оның айыппұл төлеуге жағдайы жетпесе, оның міндетін туған-тумасы атқаратын болды. «Сотталушы сотқа келмесе, айыппұлды төлей алмаса, оны туысқандары, не ауылы өтейтін болады» [16, 358-б.].

Екі халықта да түрме болған жоқ. «Көшпелі халықтарда жаза ретінде бостандығынан айыру сирек қолданылды», – деп жазды А.Д.Насилов. «Мүліктік айыппұл жаза ретінде кеңінен тарады, ол қылмыстың түріне, қылмыскердің және зардап шеккеннің әлеуметтік жағдайына тәуелді болды», – деп жалғастырады ол [21, 99-б.]. Н.Өсерұлының мәліметі бойынша: «Қазақтарда түрме деген мүлдем болмаған» [11, 12-б.].

Екі халықтың заңдар кодексінде жаза түрінің жұмсаруы байқалды. «Жеті Жарғыда» «талион» принципі жарияланды: «Қанға – қан, жарақат үшін дәл сондай жарақат». Бірақ А.И.Левшиннің айтуы бойынша: «жазаны сот өзгерте алатын болды, онда сотталушы төлем төлейтін болды (композиция принципі). Қылмыскер әрбір өлтірген ер адам үшін 1000, әйел адам үшін 500 қой мөлшерінде құн төлеп, өмірін сақтап қалды» [16, 358-б.]. Н.Өсерұлының айтуы бойынша: «Бізге келіп жеткен деректер бойынша, Есім хан ердің құнына 100 жылқы және 6 жақсы (6 түйе) кесім белгілеген» [11, 12-б.].

Қоса айта кететін нәрсе, кейбір ғалымдар (С.Д.Дылыков, т.б.) көшпелілердің материалдық жағдайының төмендеуі жазаның жұмсаруына әкелді дейді. Бірақ біз жазаның жұмсару себебін хлықтың ортақ дүниетанымының эволюциясы мен көшпелі қоғамда гуманистік принциптің күшеюінің арқасында деп түсінеміз.

Екі заңның арасындағы ұқсастықты зерттей отырып, Т.И.Сұлтанов мынадай тұжырымға келді: «Тәуке ханның «Жеті Жарғысы» 1640 жылғы ойрат «Жарғысының» емес. Екеуінің арасындағы ұқсастықты қазақтың және ойраттың (қалмақ) шаруашылық-өндірістік іс-әрекеттеріндегі бірдей жағдаймен түсіндіруге болады [10, 76-б.].

Қазақ зерттеушілері (тарихшылар да, заңтанушылар да) «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолының» жазба деректерінің жоқ екендігін, «Жеті Жарғының» жазбаша мәтінінің толық еместігін жиі айтады. Еске түсірер нәрсе, орыс та, қытай да ғасырлар бойы Қазақ хандығын бақылап, үнемі мәлімет жинап, жүйелеп отырды. Бұл елдердің үкіметі қазақ қоғамының құқықтық негізін зерттеуге ерекше мән берді. Ол ісі Қазақ хандығының әскери күшін зерттеуден артта қалды деп айтуға болмайды. Сондықтан, аталған мемлекеттердің сыртқы істер мұрағаттарында XV-XVII ғасырлардағы қазақ заңнамасына қатысты кейбір деректерді табуға болады, осы арқылы пайда болған вакуумды толтыруға болады деген ойдамыз.

«Жеті Жарғы» мен «Их Цаазды»

талқылаған кезде, 1620 жылғы «Он сегіз дала заңдарына» да назар аударған жөн. «Их Цаазда» үнемі осы жарғыға сілтеме жасайды, мысалы: «Егер кімде-кім әдейі өрт жасаса, онда оны «Ұлы Жарғы» («1620 жылғы он сегіз дала заңы») бойынша соттау керек». А.Д.Насилов мынадай мәлімет келтіреді: «Ескеретін нәрсе, кейінірек пайда болған «Их Цааз» сол кезде қолданыстағы заң кодексіне біршама өзгертулер енгізді. Бұрынғы жарғының кейбір баптары кеңейтілді немесе нақтыланды» [21, 99-б.]. Айта кететін жайт, «1620 жылғы он сегіз дала заңындағы» кейбір баптар «Их Цаазда» келтірілмеген. Бұл баптар қолданыстан шыққан жоқ, тек соңғы заңдар кодексінің құрастырушылары жарғының осы маңызды бөлімдерін қайталай беруді жөн көрмеді.

Қазақтың да, қалмақтың да зерттеушілерінің алдында екі халықтың ежелгі заңдарының бір-біріне тигізген ықпалын терең зерттеу мәселесі тұр. «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолын» түпкілікті зерттеп, «Цааджан Бичиг» пен «Их Цаазға» ықпалын зерттеу өзекті, әрі қажетті мәселердің бірі.

Сонымен, қазақ, жоңғар халықтарының заңдарын зерттеген тарихшылар мен заңтанушылардың еңбектерінің негізінде мынадай қорытындыларға келеміз:

-қазақтың да, жоңғардың да заңдарының тамыры бір, себебі екі халық та дамуы бір географиялық аймақта өткен көшпелі өркениеттің өкілдері;

-екі халық XVII-XVIII ғасырларда

Шыңғыс хан мемлекетінің, одан кейінгі оның мемлекеттік құрылымдарының заңдар кодексін қолданды;

-осы кезеңде қазақтар мен жоңғарлар өздерінің ежелгі заң нормалары ескерілген, Шыңғыс хан құқығы енген заң жарғыларын құрастырып, қолдана бастады.

Екі халықтың заңшығарушы шығармашылығындағы өзара байланыс пен ықпалы өте жоғары. Қазақ, жоңғар жарғыларының ерекше рөлі феодализм дәуіріндегі көшпелі қоғамның күрделі ішкі құрылымын зерттеуде алатын орнында. Аталған мәселе өзіндік зерттеуді керек етеді. Оған қоса, моңғол заңнамасының оның тек қол астында ғана болған емес, сонымен бірге мыңжылдықтар бойы оның көршілері болған халықтардың құқығына әсер еткен дәрежесін анықтау қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1.Голстунский К.Ф. Монголо-ойратские законы. – СПб, 1880.
- 2.Гурлянд Я.И. Степное законодательство с древнейших времен по XVII столетие. – Казань, 1904.
- 3.Бичурин Н.Я. Историческое обозрение ойратов или калмыков с XV в. до нашего времени. – Элиста, 1991.
- 4.Златкин И.Я. История джунгарского ханства. – М.: Наука, 1983.
- 5.Эрдниев У.Э. Историческая судьба ойратов. – Элиста, 1993. – С.95.
- 6.Марков Г.Е. Кочевники Азии (структура хозяйства и общественная организация). – М, 1976.
- 7.Гольман М.И. Русские переводы и списки монголо-ойратских законов 1640 года // Монгольский сборник. Экономика, археология, восточная литература. – М., 1959.

8.Гродеков Н.И. Киргизы и кара-киргизы. – Ташкент, 1889.

9.Узбекулы С. Хан Тауке и правовой памятник Жеті жарғы. – Алматы, 1999.

10.Султанов Т. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. (вопросы этнической и социальной истории). – М., 1982.

11.Н. Үсерұлы. Жеті Жарғы. – Алматы: Санат, 1997.

12.Оразбаева А.И. Қазақ қоғамындағы билер институты. – Алматы, 2004.

13.Фукс С.Л. Обычное право казахов в – первой половине века.–А-А.,1980.

14.Зиманов С. Древний мир права казахов. – Алматы, 2000.

15.Материалы по обычному праву казахов. – Алматы: Гылым, 1996.; Леонтович Ф.Н. К истории права русских инородцев. Древний монголо-калмыцкий или ойратский устав взыскания. – Одесса, 1879.

16.Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы: Санат, 1996.

17.Их Цааз (Великое уложение). Памятник монгольского феодального права XVII в. – М.: Наука, 1981.

18.Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алматы: Рауан, 1992.

19.Смирнов П. Путевые записи по Калмыцким степям Астраханской губернии. – Элиста, 1992.; Дубровы Я.П. Быт калмыков Ставропольской губернии. – Элиста, 1999.

20.Митиров А.Г. Обычаи права калмыков в трудах дореволюционных исследователей России // Калмыковедение: Вопросы историографии и библиографии. – Элиста, 1988.

21.Насилов А.Д. Восемнадцать степных законов 1620 года. – М., 2002

REFERENCES

Bichurin N.YA. Istoricheskoe obozrenie ojratov ili kalmikov s XV v. do nashego

vremeni. (Historical review of the Oirats or Kalmyks from the 15th century. up to our time). – Elista, 1991. [In Russian].

Gol'man M.I. Russkie perevody i spiski mongolo-ojratskih zakonov 1640 goda // Mongol'skij sbornik. Ekonomika, arheologiya, vostochnaya literatura. (Russian translations and lists of the Mongol-Oirat laws of 1640 // Mongolian collection. Economics, archeology, oriental literature). – M., 1959 [In Russian].

Golstunskij K.F. Mongolo-ojratskie zakony. (Mongolian-Oirat laws). – SPb, 1880. [In Russian].

Gurlyand YA.I. Stepnoe zakonodatel'stvo s drevnejshih vremen po XVII stoletie. (Steppe legislation from ancient times to the 17th century). – Kazan', 1904 [In Russian].

Grodekov N.I. Kirgizi karakirgizy. (Kirghiz and Karakirghiz). – Tashkent, 1889 [In Russian].

Uzbekuly S. Han Tauke i pravovoj pamyatnik Zheti zhargy. (Khan Tauke and legal monument Zhetizhargy). – Almaty, 1999. [In Russian].

Erdniev U.E. Istoricheskaya sud'-baojratov. (The historical fate of the Oirats). – Elista, 1993. – S.95 [In Russian].

Klyashtornyj S.G., Sultanov T.I. Kazahstan. Letopis' trekhtysyacheletij. (Chronicle of three millennia). – Almaty: Rauan, 1992 [In Russian].

Levshin A.I. Opisanie kirgiz-kazach'ih ili kirgiz-kajsackih ordistepej. (Description of the Kirghiz-Cossack or Kirghiz-Kaisak hordes and steppes). – Almaty: Sanat, 1996 [In Russian].

IhCaaz (Velikoeulozhenie). Pamyatnik mongol'skogo feodal'nogo prava XVII v. (IhTsaaaz (Great Code). Monument of Mongolian feudal law of the 17 th century). – M.: Nauka, 1981 [In Russian].

Materialy po obychnomu pravu kazahov. (Materials on customary law of Kazakhs). – Almaty: Gylym, 1996.; Leontovich F.N. K istorii prava russkih inorodcev. Drevnij mongolo-kalmyckij ili ojratskij ustav

vzyskaniya. (To the history of the law of Russian foreigners. The ancient Mongolian-Kalmyk or Oirat statute of collection). – Odessa, 1879 [In Russian].

Markov G.E. Kochevniki Azii (struktura hozjajstva i obshchestvennaya organizaciya). (Nomads of Asia (economic structure and social organization)). – M, 1976 [In Russian].

Sultanov T. Kochevye plemena Priaral'ya v XV-XVII vv. (voprosy etnicheskoj i social'noj istorii). (Nomadic tribes of the Aral Sea region in the XV-XVII centuries. (questions of ethnic and social history)). – M., 1982 [In Russian].

Mitirov A.G. Obychai prava kalmykov v trudah dore olyucionnyh issledovatelej Rossii // Kalmykovedenie: Vopros y istoriografii i bibliografii. (Customs of law of Kalmyks in the works of pre-revolutionary researchers in Russia // Kalmyk studies: Issues of historiography and bibliography). – Elista, 1988 [In Russian].

Nasilov A.D. Vosemnadcat' stepnyh zakonov 1620 goda. (Eighteen steppe laws of 1620). – M., 2002 [In Russian].

Smirnov P. Putevye zapisi po Kalmyckim stepyam Astrahanskoj gubernii. (Travel notes on the Kalmyk steppes of the Astrakhan province). – Elista, 1992.; Dubrovj YA.P. Byt kalmykov Stavropol'skoj gubernii. (Life of the Kalmyks of the Stavropol province) – Elista, 1999 [In Russian].

YserulyN. Zheti Zhargy. – Almaty: Sanat, 1997. [In Kazakh].

Fuks S.L. Obychnoe pravo kazahov v – pervoj polovine veka. (Customary law of the Kazakhs in the first half of the century). – A-A., 1980 [In Russian].

Zimanov S. Drevnij mir prava kazahov. (The ancient world of Kazakh law). – Almaty, 2000 [In Russian].

Zlatkin I.YA. Istoriya dzhungarskogo hanstva. (History of the Dzungar Khanate). – M.: Nauka, 1983 [In Russian].

**Г.ИБРАЕВА, С.ХАСЕНОВ,
А.АҚЖАСАРОВА, Қ.ЖҰМАҒҰЛОВА,**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Музейі, Ғылыми-
әдістемелік жұмыстар қызметі, Қазақстан тарихы
бөлімінің ғылыми қызметкерлері, Астана қаласы.

1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КӨТЕРІЛІСТІҢ ОТАНДЫҚ ТАРИХ ҒЫЛЫМЫНАН АЛАТЫН ОРНЫ

Кіріспе. Тәуелсіз ел болып отырған Қазақстанның тарихы, әсіресе, осы жердің түп иесі қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалыстарының тарихы. Сол қозғалыстарды басқарған ірі-ірі тарихи тұлғаларының біздің азаматтық саяси тарихымыздан алатын орнын сол қозғалыстардың себептері мен салдарларын айқындайтын зерттеулердің қажеттілігі өмір сұранысы екені әмбеге аян. Сондықтанда Отандық тарихымыздағы Ұлтымыздың бостандық алу жолындағы күресінің бір биігі саналған 1916 жылғы көтеріліс Қазақ халқының күрескерлік тарихын тұтас зерделеуде маңызды орын алады. Оның үстіне биылғы жылы тарихи маңызы зор оқиғаға 107-жыл, халық батыры, қолбасшы Аманкелді Үдербайұлы Имановтың туғанына 150 жыл толып отыр.

Көтерілістің алғышарттары мен шығу себептері. 1914 жылы басталған бірінші дүниежүзілік соғыс Ресей халықтарына аса зор қасірет әкелді. Әлеуметтік және ұлттық езгі күшейді. Соғыс жылдарында жергілікті жерлердегі патша шенеуніктерінің озбырлығы мен зорлық-зомбылығы күшейді. Қазақтардан, бірінші кезекте Сырдария және Жетісу облыстарында жерлерің жаппай тартып алу жалғастырылды. Бір ғана Жетісу облысында соғыстың алғашқы 3 жылында 1800 мың десятина жақсы жайылымдар мен егістік алаптар тартып алынды, ал осы жерлердің нағыз кожайындары қазақтар шаруашылық жүргізуге онша жарамды емес, немесе мүлде жарамсыз шөл немесе шөлейт аудандарға күшпен көшірілді. Соғыс орасан көп мөлшерде шикізатты, азық-түлікті, малды

және басқа да материалдық құндылықтарды талап әкетті. Шаңырақтарға жаңа әскери салық енгізілді. Соғыс басталған соң жергілікті халыққа салынатын салықтар 3-4 есе, ал жекелеген жағдайларда 15 есе өсірілді. Егіс алаптарының қысқартылуы нәтижесінде ауыл шаруашылық өндірісі күрт құлдырап кетті. 1916 жылдың ортасына қарай патша өкіметінің қазақ халқынан тартып алған жердің жалпы көлемі 45 миллион десятинаға жетті. Әлеуметтік және ұлттық езгінің күшеюі, соғыс кесепаты – халық бұқарасының қайыршылануы, қымбатшылық ашаршылық еңбекшілердің жағдайына ауыр әсер етті және өлке халқының әр түрлі топтары тарапынан белсенді наразылық туғызды [Әшекеева, 2004:3 б.].

Соғыс Ресей империясында пісіп-жетіліп келе жатқан жалпыға бірдей дағдарыс үрдісін тездетті. Қазақстанның Орталық Азияның барлық дерлік аудандарын қамтыған, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс соның жарқын көріністерінің бірі болды. Көтерілістің басты себептері әлеуметтік-экономикалық және саяси сипаттағы факторлар: отаршылдық езгінің күшеюі, жерді тартып алу, салықтар мен алымдардың шамадан тыс ұлғайтылуы, қазақ халқы мен аймақтың басқа байырғы халықтары жөнінде патша өкіметі жүргізген орыстандыру саясаты, қалың бұқара жағдайының күрт нашарлауы болды. Бұл аталғандардың ішінен ежелгі қазақ жерлерінің жаппай, күшпен тартып

алынуын және өлкені басқарудың отаршылдық жүйесінің күшейтілуін ең басты себеп ретінде қарастыру керек. Верный уезі Пригородный учаскесінің казактары өздерінің 1916 жылғы 17 қазанда Түркістан генерал-губернаторына көтерілістің себептері туралы арызында дұрыс атап көрсеткендей: оны туғызған «халық дұрыс түсінбеген тыл жұмысына жұмысшыларды шақыру ғана емес. Себеп тереңіректе жатыр. Бір жағынан, жерден қысым керу және екінші жағынан қазақтарды басқару жүйесі» қазіргі қайғылы оқиғалардың негізгі себептері болып табылады [Рысқұлұлы, 2006:58-60-66.].

Жер жөнінен қазақтар соңғы он жылда өте қатты қысым көрді: облыста 1903 жылы құрылған қоныс аудару басқармасы 1908-1909 жылдарда қазақ-тардан жерді алып қоюды күшті қарқынмен жүргізді. Соның салдарынан қазақтардың дайын суландыру арықтары, бау-бақшасы мен қора-қопсылары бар ең жақсы жерлері тартып алынды. Олар сусыз нашар жерлерге қуылды; орман алқаптары түгелдей қазынаның пайдаланылуына алынды...» [Нұрпейісов, 1990:45-б.]. Осындай көріністер Қазақстанның барлық жерінде байқалды.

1916 жылғы 25 маусымдағы Патша жарлығы. Көтерілістің бұрқете қалуына патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы Қазақстанның, Орталық Азияның және ішінара Сібірдің 19 жаспен 43 жасқа дейінгі «бұратана» ер азаматтарын тыл жұмыстарына (қорғаныс

құрылыстарын және әскери қатынас жолдарын салу, майдан өңірі маңайында жолдар салу және т.б.) «Реквизициялау туралы» жарлығы тікелей себеп болды. Бас штабтың салғырт салығы бойынша тыл жұмыстарына Қазақстаннан, Орталық Азиядан 400 мың адам, сонын ішінде қазақтар мекендеген барлық облыстардан 240 мыңға жуық адам алу жоспарланды. Егер өлкедегі қазақ шаруашылықтарының саны 700 мыңнан сәл асатынын ескеретін болсақ, әрбір үшінші шаруашылық қызметкерінен айырылады екен, ал сонымен бірге мұндай мөлшерде жұмысшы қолын әкету ұлттық ауқымдағы сұмдық апатқа айналатын еді [Демко, 1997:145 б.].

Патша жарлығының қатандығы және жергілікті жерлерде оны жүзеге асырудың әділетсіз әдістері түңілуге дейін жеткізген, қолына түскенімен қаруланған еңбекшілер патша өкіметінің өкілдеріне: болыс басқарушыларына, ауыл старшындарына, полицейлерге, казактарға, шенеуніктерге бас салып «адам бермейміз!» деп айқайлап, оларды ұрып-соқты. Көтерілісшілер болыс басқарушыларының, ауыл старшындарының кеңселері мен үйлерін өртеді. Жүргізілген істер мен жұмысқа алынушылардың тізімдерін жойып, аңғалықпен олар тыл жұмыстарына адам алудан осындай жолмен құтыламыз деп санады.

Стихиялық қозғалыс бірте-бірте ұйымдасқан сипат алып, қарулы көтеріліске ұласа бастады; ірі ошақтары (Жетісу мен Торғайда) пайда болды. Көтеріліс бүкіл

Қазақстанды қамтыды және оның өткір жүзі патша өкіметінің әскери-отаршылдық және кең көлемде орыстандыру саясатына және белгілі бір дәрежеде ауылдардың феодал-бай үстем топтарына қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалысына ұласты. Осы тұрғыдан ол Ресейдің жұмысшы табы мен шаруаларының соғысқа және патша өкіметіне қарсы революциялық қозғалысымен ұштасты.

1916 жылғы көтерілістің басты мақсаты ұлттық және саяси азаттық болды. Сол арқылы ол қазақ халқының бостандық пен тәуелсіздік жолындағы бұрынғы бүкіл күресінің қорытындысын шығарды. Көтерілістің негізгі қозғаушы күші ұлттық шаруалардың қалың тобы, сондай-ақ сол кезде туып келе жатқан жергілікті жұмысшы табының өкілдері, қолөнершілер болды.

Сонымен бірге көтерілістің ұлт-азаттық сипатта болуы себепті қазақ халқының барлық топтарының өкілдері (екінің бірінде байлар, болыс басқарушылары, билер), сондай-ақ демократияшыл зиялылардың жекелеген өкілдері қатысты. Күрделі және әртекті болған көтеріліс кең-байтақ өлке аудандарының көпшілігінде ұлт-азаттық сипатқа ие болды. Тек жекелеген жерлерде ғана қозғалыстың басшылығын байлардың үстем топтары мен клерикал элементтер қолына алды. Көтеріліске қазақтармен қатар ұйғырлар, өзбектер, қырғыздар, дүнгендер және басқа да кейбір халықтардың өкілдері қатысқан

Оңтүстік облыстарды (Жетісу және Сырдария облысы) қоспағанда, Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы құрамы жағынан бір ұлттың қозғалысы болды [Түркістан, 2006: 96].

1916 жылғы көтерілістің жеңілу себептері мен тарихи маңызы.

Қазақстанның әр түрлі аудандарында пайда болған стихиялы қозғалыс бірте-бірте ұйымдасқан сипат ала бастады: Жетісуда (басшылары – Бекболат Әшекеев, Ұзақ Саурықов, Жәмеңке Мәмбетов, Тоқаш Бокин, Әубәкір Жүнісов, Серікбай Қанаев, Монай және Мұқан Ұзақбаевтар мен басқалар) және Торғайда (басшылары – Әбдіғапар Жанбосынов, Амангелді Иманов, Әліби Жангелдин және басқалар) оның ірі ошақтары пайда болды.

Жетісудағы көтеріліс тарихын:

1) шілде – стихиялық наразылық көріністері, 2) тамыз – оның қарулы көтеріліске ұласуы және 3) күркүйек-қазан – көтерілістің біртіндеп бәсеңдеуі және жеңіліс табуы деген кезеңге бөлуге болады. Шілде айының бас кезінде толқулар Верный уезінің Батыс және оңтүстік бөліктерін де қамтыды, оларда көтерілісшілерге Бекболат Әшекеев, Тоқаш Бокин, Ақкөз Қосанұлы және басқалар басшылық етті.

1916 жылы жасы 70-тен асып кеткен Бекболат Әшекеев Жайылмыш болысы көтерілісшілерінің үлкен жасағын басқарды. Көтеріліс жасалған жағдайда деп съезге қатысушыларға қаруын әзір ұстауға және әрбір үй жанында

кермеде ерттеулі ат тұруына ұсыныс жасалды. Верный уезі Ұзынағаш болысының Үлкенсаз мекенінде Жетісудың он бір болысы өкілдерінің 5 мыңнан астам адам қатысып, жоғарыдай шешім қабылдаған съезі болып өтті. «Оқтың астына барғанша, осында өлгеніміз артық» деген қарар қабылданды. Көп кешікпей карсыласудың енжар нысандары жер-жерде семсерлермен, аңшылық, мылтықтарымен, суық қарумен қаруланған көтерілісшілер жасағын ұйымдастыруға ұласты [Пірімбетова, 2001: 54 б.].

Отар аймағы көтерілістің Верный қаласынан батыстағы өзінше бір орталығына, Жетісу облысындағы орталығына айналды. Верный қаласы полицмейстерінің істерін атқарушы Поротиковтің 1916 жылғы 13 шілдеде Жетісу облысының әскери губернаторы генерал-лейтенант М.А.Фольбаумға баяндағанындай, «Отар учаскесіндегі көптеген қазақтар барлық қазақтарды бір жерге шоғырландыру мақсатымен қырдан тауға көше бастады» [Жамбылов, 2001: 133 б.].

Әулиеата уезіндегі толқу тамыздың бас кезінде басталды. Сырдария облысы әскери губернаторының міндетін атқарушы С.Геппрердің 1916 жылғы 21 тамыздағы облыстағы көтерілістің барысы туралы баяндамасында айтылғанындай, «Көшеней болысы қазақтарының 50 адамға жуық тобыры 1 тамызда орман күзетшісінің үйін киратып, оның мүлкін талап әкетті. Орыс халқы үрейленіп, поселкелерден қашып

жатыр, ал қазақтар көршілес Пішпек уезінің болыстарымен қосылып, қыр көрсетуде және жұмысшылар бермейміз деп мәлімдеуде». Көп кешікпей бұл толқулар қарулы аттаныстарға ұласты. 1916 жылғы 20 тамыздағы құжатта былай делінген: «Мерке учаскесінде қарулы тәртіпсіздіктер басталды. Мерке-Пішпек телеграф қатынасы үзілді» көтерілісшілер Мерке-Әулиеата телеграф қатынасын үзіп тастады. Олар Мер-ке станицасына үш жағынан өрт қойды, ал көтерілісшілердің бір бөлігі Луговое селосын қоршап алды. 20 тамызға қараған түні көтерілісшілер прапорщик Дутко командалық ететін жазалау отрядына шабуыл жасады. Жазалаушылар таң атқанға дейін атысты, бұл орайда көтерілісші қазақтардың «қызыл жалау көтеріп ақ атпен жүрген жетекшісі өлтірілді» [Жамбылов, 2001: 65 б.].

Тұрар Рысқұловтың айтуынша, Мерке учаскесінде (Құрғаты болысында) көтерілісшілердің отрядына басшылық етуде «Ақкөз деген бір қазақ шалы» ерекше көзге түскен, «ол сонан соң тұтқынға алынып, ұрып-соғылған, бірақ тірі қалған» [Нұрпейісов, 1990:45 б.].

1916 жылғы 7 шілдеден 5 қыркүйекке дейінгі уақыт кезеңінде Ақмола және Семей облыстарындағы көтерілісті басып-жаныштау шаралары туралы генерал-лейтенант барон Таубе жасаған анықтамада мынадай деректер келтірілген: «Қазақтардың едәуір тобыры... Зайсан уезінде – әрқайсысында 1000 адамнан асатын бірнеше топ, Семей уезінде

– 7000 адамдық топ, Өскемен уезінде – кейбіреулерінде адам саны – 3 мыңға дейін жететін бірнеше топ шоғырланды; Ақмола уезінде Қорғалжын көлінің маңында – 30 мыңға дейін жететін қазақтар және Ерейментау тауларында – 5 мыңға дейін, Атбасар уезінде Ұлытау алқабы маңында – 7000-нан астам және Қосағаш ауданында 2000-ға дейін қазақтар топталды» [Бекмағамбетов, 2001: 30 б.].

Жетісу, Сырдария, Ақмола, Семей облыстарында және Батыс Қазақстанның бірқатар аудандарында көтерілісшілер қозғалысы басып-жанышталған немесе оны аяусыз басып-жаныштау үрдісі жүріп жатқан кезде, Торғай дала-сында ол күш алып, күн өткен сайын өрістей түсті. Әбдіғапар Жанбосынов, Амангелді Иманов, Әліби Жангелдин бастаған Торғай көтеріліс ошағы ең та-банды болды және ұзаққа созылды.

Архив құжаттарының дәлел-дейтініндей, көтерілістің Торғай ошағы шырқау шыңына жеткен кезінде (көтерілісшілер Торғай облысының Торғай, Қостанай, Ырғыз, Ақтөбе уездерін және көршілес облыстардың бірқатар уездерін басып алған) көтерілісшілер саны 50 мың адамға жуық болған. Көтерілістің орталығы Торғай уезі болды. Көтерілістің басталуына қарай Торғай уезі негізінен қыпшақ және арғын рулары шоғырланған 13 болыстан тұратын. Көтерілістің бастапқы кезеңінде толқулар қыпшақтар мекендеген Қайдауыл, Аққұм, Караторғай, Сарыторғай, Қарақопа болыстарын, сондай-

ақ негізінен арғындар мекендеген Тосын, Майқарау, Сарықопа, Наурызым, екінші Наурызым болыстарын қамтыды. Көтерілістің етек жаю барысында Әбдіғапар Жанбосынов қыпшақ көтерілісшілерінің ханы, ал Шолақ Оспанов арғын көтерілісшілерінің ханы болып сайланды. Кейіннен 1916жылғы 21 қарашада 13 болыс (6 болыс қыпшақ, 6 болыс арғын және 1 болыс найман) өкілдерінің құрылтайында халық арасында атақты Нияз бидің ұрпағы Әбдіғапар Жанбосынов көтеріліске шыққан Торғай уезінің ханы болып сайланды (Әбдіғапар өзін әмір деп атаған).

Құрылтайға қатысушылардың келісімімен Кенесары Қасымовтың серігі – атақты Иман батырдың немересі – Амангелді Иманов (Үдербайұлы) көтерілісшілердің сардарбегі (бас қолбасшысы) болып тағайындалды. Орталық Ресейден келген және көп кешікпей көтерілісшілерге қосылған, осы жерлерде туып-өскен Әліби Жангелдин көтерілісшілердің «рухани көсемі» болды [Жамбылов, 2001: 92 б.].

Ондаған мың ұйымдаспаған көтерілісшілерден Ә.Жанбосынов, А.Иманов және олардың ең жақын серіктері ондықтарға, жүздіктерге және мыңдықтарға бөлінген, сындарлы, тәртіпті әскери жасақ құрды. Әрбір қолды басқаруға тиісінше онбасы, елубасы, жүзбасы, мыңбасы қойылды. Кейкі Көшкінбаев бастаған арнаулы мергендер тобы құрылды. Сардарбек жанында әскери кеңес жұмыс істеді.

А.Имановтың көтерілісшілер армиясының бақылауындағы аудандарда, шынына келгенде, төменгі ауылдық-болыстық әкімшілік жойылды, азаматтық билік көтерілісшілердің қолына көшті. Ә.Жанбосынов, А.Иманов және олар басқарған әскери кеңес тыл қызметін ұйымдастырып, арнайы тағайындалған адамдарға (елбегілерге) көтерілісшілерді азық-түлікпен, атпен қамтамасыз етуді, ұстаханаларда қолдан мылтық, қылыш, қанжар, семсер және т.б. жасауды тапсырды.

Қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі Қазақстанның барлық аймақтарында қатаң басып жанышталды. Семей және Ақмола облыстарында көтерілісшілерге қарсы 12 атты әскер жүздігі, 11 күшейтілген жаяу әскер ротасы қимыл жасады, ал Торғай көтерілісшілеріне қарсы патшалық өкімет орындары 17 атқыштар ротасын 18 қазақ жүздігін, 4 атты әскер эскадроны, 18 зеңбірек, 10 пулемет және басқаларды әкеп төкті. Алайда жазалаушылар Қазақстанның бір-катар аудандарында көтерілісті Ақпан революциясына дейін баса алмады. Мәселен, Торғай облысында көтеріліс патша өкіметі құлатылғаннан кейін ғана тоқтатылды.

Көтерілісті басып жаныштау үшін патша өкімет орындары Жетісуға 8 750 найзалы мылтығы бар 95 рота, 3900 қылышкері бар 24 жүздік, 16 зеңбірек және 47 пулемет жіберді. Облыста ондаған қазақ және қырғыз ауылдар жойып жіберілді, бейбіт тұрғындар аяусыз қырғынға

ұшырады. Патша өкімет орындары қудалаған 300 мың қазақтар мен қырғыздар немесе Жетісудың байырғы тұрғындарының төрттен бірі Қытайға қашып кетуге мәжбүр болды.

Генерал-губернатор Куропаткин бекіткен сот үкімі бойынша ғана Түркістан өлкесінде қоныс аударушылар селоларының тұрғындарынан құрылған отрядтар мен жазалаушылардың қолынан сотсыз және тергеусіз қаза тапқан адамдарды қоспағанда, 1917 жылғы 1 ақпанға қарай 347 адам өлім жазасына, 168 адам каторгалық жұмыстарға, 129 адам қамауға кесілді.

Патшаның 1916 жылғы 25 маусымдағы әділетсіз жарлығының қасіретті зардаптары осындай болды [Түркістан, 2006: 8 б.].

1916 жылғы көтеріліске ұлт зиялыларының көзқарастары. Қазақ қоғамында патшаның жарлығы мен көтеріліске көзқарас бір мәнде болған жоқ: байлардың үстем топтарының белгілі бір бөлігі, сондай-ақ «бұратаналық әкімшілік» дейтіннің шенеуніктері «реквизиция туралы» патша жарлығын сөзсіз қолдады және оны басты жүзеге асырушылар болды; қазақ зиялыларының батыл өкілдері (мысалы, Тоқаш Бокин, Жаңабай Ниязбеков, Әубәкір Жүнісов, Тұрар Рысқұлов, Әліби Жангелдин, Сейітқали Мендешев, Бәймен Алманов және басқалар) патша жарлығына батыл қарсы шықты және халықты қарулы қарсылыққа шақырды, ал «Қазақ» газетінің төңірегіне біріккен либерал-демократия-

шыл зиялылардың жетекшілері (А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов және басқалар) патша әкімшілігін адам алуға асықпауға, қайта әуелі дайындық шараларын жүргізуге көзін жеткізуге талай рет әрекет жасады. Сонымен бірге олар қарусыз халық патша өкіметінің аяусыз жазалау шараларының құрбанына айналады деп орынды санап, жарлықты орындауға қарсылық көрсетпеуге шақырды.

«Қазақ» газеті 1916 жылғы 11 тамыздағы нөмірінде А.Бөкейхановтың, А.Байтұрсыновтың, М.Дулатовтың атынан алаш арасында бұйрықты ешқандай қарсылықсыз іске асыруды жақтады. Сонымен бірге олар аңғалдықпен, егер қазақтар тыл жұмыстарына қатысса, соғыста жеңгеннен кейін олар өз жағдайын жеңілдетуге және автономия алуға үміт ете алады деп санады. Бұл орайда зиялылардың жоғары топтары (Ә.Бөкейханов бас болып) мұндай екі ұдай жағдайда, балға мен төстің арасында қалғанын есте ұстау керек [Әшекеева, 2004: 56.].

1916 жылғы көтеріліс ерекшеліктерінің бірі күреске төменгі топтардың көтерілуі болғаны мәлім. Ауыл мен қыстақтың жоғары үстем топтары айлакерлік жасады, өйткені олар ішінара болыс, старшын, жергілікті аппараттың қызметкерлері және т.б. ретінде басқару жүйесіне тартылған болатын, екінші жағынан – ұлттық зиялылар, ең алдымен оның Ә.Бөкейханов және оның «Қазақ» газеті редакциясындағы серіктері бастаған ең білімді бөлігі ол кезде күш пен ресурстарды Германия-

мен соғысқа жұмылдыруды жақтаған Ресей конституциялық-демократиялық партиясының (кадеттер) саяси бағытымен байланысты болатын. Осыны негізге алып және өзін жалпы ресейлік зиялылардың бір бөлігі деп сезінген Ө.Бөкейханов пен оның жақтастары майданға көмек көрсетуге тырысты. Олар соғыс жағдайында көтеріліске қатысуды патша үкіметі, орыс жұртшылығы барлық туындайтын зардаптарымен қоса алғанда орыс әскерлерінің ту сыртынан соққы беру деп бағалайтынын түсінді [Ағыбайқызы, 2006: 154б.].

Тұрар Рысқұлов атап өткендей: «қазақтардың бұл ұлттық-либерал зиялылары... кадеттер сияқты, сол кезде өмір сүрген құрылыс пен патша өкіметінің жергілікті жерлердегі әкімшілігіне қарсы болды... Патшалық жер саясатына қарсы болды, бірақ Ресейдің буржуазиялық-демократиялық партияларымен ынтымақтаса жұмыс істеді. Бұл зиялылар қазақтардың көтерілісін мезгілінен бұрын жасалған керексіз көтеріліс деп сипаттап, барлық келіспеушіліктерді бейбіт жолмен жөнге келтіруге болар еді деп көрсетті» [Ағыбайқызы, 2006: 140 б.].

Сонымен бірге қазақ зиялыларының жетекшілері қазақтарды тыл жұмыстарына шақыруды кейінге қалдыру жөнінде, шақырылғандардың құқықтарын қорғау және олардың майдан өңірі аудандарындағы тұруы мен жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар туғызу жөнінде нақты қадамдар жасады. Мұны Ө.Бөкейхановтың бастамасымен 1916 жылғы

7 тамызда Орынборда шақырылған бес облыс (Торғай, Орал, Ақмола, Семей және Жетісу) өкілдері жеке кеңесінің құжаттары дәлелдейді. Олар кеңесті шақыруға бастамашылар (Ө.Бөкейханов пен оның серіктері) жалпы алғанда тыл жұмыстарына шақырылғандарды қорғау мақсатын көздегенін, шақырушылардың тізімдерін жасау кезіндегі заңсыздық көріністерін және жергілікті өкімет орындарының ауыл тұрғындары мен казак әскерлерінің жазалау отрядтары арасында жан-жалды жағдайлар ұйымдастыру жөніндегі арандатушылықтарын әшкерелегенін көрсетеді. Осы кеңес хаттамасының қорытындысында былай деп атап көрсетіледі: «25 маусымдағы аса жоғары жарлық қазақтарға, сол жарлықтың өзі жарияланбаған кезде жергілікті өкімет орындарының хабарландыру нысанында мәлім болды [Мұхамеджанова, 2006: 32 б.].

Қорытынды. 1916 жылғы көтеріліс қазақ халқының сан ғасырлық ұлт-азаттық қозғалысының тарихында ерекше орын алады. Бірінші дүниежүзілік соғыс жағдайларында көтерілістің жалпы жұрт таныған басшылары Ө.Жанбосынов, А.Иманов, Ж.Мәмбетов, Ұ.Саурықов, Б.Әшекеев, О.Шолақов, А.Жүнісов, Н.Көкембаев, И.Құрманов, Т.Орысов, Ж.Құдайбергенов, С.Қанаев, М.Ұзақбаев, А.Сұлтанбеков және басқалар, көтерілісшілердің саяси көсемдері Т.Бокин, Т.Рысқұлов, С.Мендешев, Ө.Жангелдин, Б.Алманов және басқалар кезінде

Сырым Датов, Исатай Тайманов, Махамбет Өтемісов, Жанқожа Нұрмұхамедов, Кенесары және Наурызбай Қасымовтар, Байзақ Мәмбетов және басқалар жүргізген тәуелсіздік жолындағы күреске халықты көтерді. Кенесары Қасымов басшылық еткен ұлт-азаттық қозғалыстан кейін 1916 жылғы көтеріліс бірінші рет кеңбайтақ өлкенің барлық аймақтарын әр түрлі дәрежеде қамтып, бүкілқазақтық сипаталды. 1916 жылғы көтерілістің айрықша ерекшелігі өлкенің бірқатар аудандарында (негізінен, Қазақстанның оңтүстігінде және оңтүстік-шығысында) оған қазақтармен қатар қырғыз, ұйғыр, өзбек және басқа халықтардың да өкілдері қатысты. Кейбір шекаралас аудандарда көтеріліске шыққан қазақтар мен қырғыздар патша жазалаушыларына қарсыласудың бірлескен аймақтарын ұйымдастырды (мысалы, Қарқара (Қазақстан) және Қарақол (Қырғызстан) ауданы, Өулиеата уезі (Қазақстан) және Пішпек уезінің (Қырғызстан) түйіскен жері және басқалар.

Қазақстан мен Орталық Азиядағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс тұтас алғанда Ресей империясындағы саяси және әлеуметтік-экономикалық дағдарыстың одан әрі асқына түсуіне себепші болды. Ол Ресейдегі әскери-феодалдық және әскери-отаршылдық басқару жүйесінің іргесін шайқалтты және шығыстың отар халықтарының империалистік езгіге қарсы XIX ғасырдың басында өріс алған бүкіл ұлт-азаттық

қозғалысының құрамдас бөлігі болды [Озғанбай, 1994:186 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Өшекеева Н. XX ғ. бас кезіндегі Қазақстандағы саяси әлеуметтік процесс лидерлерінің көзқарастары. Алматы, 2004. 3 б.
2. Рысқұлұлы Т. 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліс // Ақиқат. 2006. №6. 58-60 бб.
3. Нұрпейісов К. Ұлт-азаттық күрес және Алаш қозғалысы. // Ақиқат. 1990. №6. 45 б.
4. Демко Дж. Орыстардың қазақтарды отарлауы. Алматы: Ғылым, 1997. 230 б.
5. Қарсы боп ақ патшаға қазақ шықты. // Түркістан, 2006. 9 б.
6. Пірімбетова Е.Ө. Қазақстандағы Ұлт-азаттық қозғалыс. Алматы: ҚазМЗА. 2001. 54 б.
7. Жамбылов Д. Қазақстандағы Ұлт-азаттық қозғалыс. Алматы: «Жеті жарғы», 2001. 168 б.
8. Бұл да сонда.
9. Нұрпейісов К. Ұлт-азаттық күрес және Алаш қозғалысы. // Ақиқат. 1990. №6. 45 б.
10. Бекмағамбетов М. XXғ. басындағы Атбасар, Ақмола уезіндегі. Ұлт-азаттық көтеріліс барысындағы ұлттық сана-сезімнің жандануы. Алматы, 2001. 30 б.
11. Жамбылов Д. Қазақстандағы Ұлт-азаттық қозғалыс. Алматы: «Жеті жарғы», 2001. 92 б.
12. Қарсы боп ақ патшаға қазақ шықты // Түркістан. 2006. 8 б.
13. Өшекеева Н. XX ғ. бас кезіндегі Қазақстандағы саяси әлеуметтік процесс лидерлерінің көзқарасы. Алматы, 2004. 5 б.
14. Ағыбайқызы Қ. Ұлт-азаттық қозғалыстың зерттелуі. Алматы: «Ғылым», 2006. 280 б.
15. Бұл да сонда.
16. Мұхамеджанова Р.Ж. Отарлық езгіге қарсы ұлттық идеологияның қалыптасуының тарихи мәні. Алматы, 2006. 32 б.
17. Озғанбай Ө. Ресей Мемлекеттік Думасы және Қазақстан. Алматы, 1994. 234 б.

Досалы САЛҚЫНБЕК,
Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-дың
профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты
Галина КСЕНЖИК,
тарих ғылымдарының докторы, профессор

ТАЛАПАЙҒА ТҮСКЕН ҚАЗАҚ ЖЕРІ

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрілігі ғылым комитетінің ИРН № AP09259247 гранттық қаржыландару жобасы аясында орындалды.

Қасиетті қазақ жерін XVIII ғасырдың бас кезінен бастап тікелей отарлауға кіріскен Ресей империясы осы кезеңдегі Қазақ хандығының Жоңғар мемлекеті сияқты сыртқы жауларымен күрестегі қиын жағдайын пайдаланып, қазақ жерлеріне айналдыра әскери бекіністер сала бастаған болатын. Және ол әскери бекіністердің барлығы бұрынғы елді мекендердің орнына салынғанын айта кетейік.

Ресей мемлекеті Қазақ жерін жаулау үшін түпкілікті ойластырылған бірнеше мақсаттарды алға қойды. Ең алдымен олар қазақ жерлерін әскери-стратегиялық база етіп, орнығып алғаннан кейін, шығысты билеу үшін Англиямен текетіресте пайдалану мақсатын көздеді. Ресей Петр патша заманынан бастап, Қазақстан, Орта Азия арқылы Индияға шығуды көздеген еді.

Екіншіден, өнеркәсіптік қатынас-

та дамып келе жатқан капитализм үшін арзан шикізат қоры ретінде өлкенің байлығын игеру және тауар өткізудің ішкі рыногы деп білді.

Үшіншіден, жерді отарлау арқылы тартып алып, Ресейдің ішкі аудандарындағы шаруаларды қоныс аудару арқылы жер тапшылығын жойып, оларды қазақ жеріндегі өздерінің сенімді тірегі ету болатын.

Ресей империясы қазақ жерлерін жаулаған кезде және аймақты бағындырып ұстап тұруда, шекараны күзетуде ең алдымен казактардың әскери күшіне иек артты. «Против хитрого, быстрого, дерзкого врага, каким были киргизи, с успехом действовали только казаки: регулярная войска-солдаты и даже драгуны-оказывались значительно слабее казаков в том крае», – деп, өлкені отарлау бірінші кезек казактарға жүктелгенін өздері де

мойындайды [1].

Кешегі ұры-қарылардан, қылмыскерлерден құрылған топтың қолына қару беріп, қазақ жерін жаулап алуға айдап салған Ресей империясы басып алған жерлердің ең құнарлы бөлігін соларға берді. Атап айтқанда: Көкшетау, Атбасар, Ақмола, Қарқаралы, Баянауыл және Зайсан көлінің аймағындағы Сібір казак әскерлері 5 миллион десятина жерді тартып алып иелік етті. Оған қоса, 1904 жылы екі аралықтағы белдеу ретінде бұрын қалдырылған Ертістің сол жағалауындағы он шақырымдық өңір де Сібір казактарына берілді. Ал, Жетісу казак әскерлері Жетісу облысындағы 600 мың десятина жерді иеленді.

Осы кезден бастап, қазақ жеріне келген орыс сауда капиталына қазақ халқын қанаудың кең жолы ашылды. Қаңғыған адамдардың біліксіз тобы мен жарамсыз тауар қазақ даласына қарай ағылып, мұндағы құнды дүниелердің барлығы тасып әкетіле бастады. Өз қызметі барысында қылмыс істеген дворяндар мен шенеуніктер жазаның бір түрі есебінде қазақ жеріне басқарушы ретінде жіберілді.

Ресей империясы Қазақ жерін жаулап алғаннан кейін, осы үлкен аймақты ұстап тұру үшін казактардың әскери күші жеткіліксіз екенін түсінді. Сондықтан өлкені 1860 жылдары толық жаулап алғаннан кейін бұл аймақта орыстардың санын көбейту кең көлемде мемлекеттік дәрежеде қолға алынды. Арнайы қоныс аудару басқармалары құрылып,

бұл басқармалар Ресейдің ішкі аудандарынан қазақ жеріне орыс шаруаларын кезең-кезеңімен қоныс аудару ісімен айналысты. Қоныс аудару басқармасының есебінен тыс Қазақстанға өз бетімен босып, тонау жолымен баюды мақсат етіп келген кезбелердің санында да есеп болған жоқ. 1868 жылғы «далалық облыстарды басқару жөніндегі уақытша ереже бойынша» қазақтар пайдаланып отырған жерлер мемлекеттік деп танылып, қазақтарға қоғамдық негізде пайдалануға берілді деп жарияланса, 1891 жылғы «Далалық жағдай» ережесі бойынша қазақтардың жерлері, жер асты, жер үсті байлықтары, орманды алқаптар мемлекеттік деп жарияланды.

Сонымен, Ресей империясының қазақ жерін отарлау саясатының нәтижесінде жүргізілген жұмыстар өз «нәтижесін» беріп, XIX ғасырдың бас кезінде Қазақстанның кейбір аймақтарында жергілікті тұрғындардан келімсек қоныстанушылардың саны артып шыға келді. Мәселен, XX ғасырдың бас кезінде Ақмола облысындағы халықтың 58 %-ын келімсек орыстар құрады. 1897 жылғы санақ бойынша олар облыстағы халық санының 33%-ын ғана құраған болатын. Келімсектердің екінші ірі шоғырланған жері Торғай облысы болды. 1897 жылы ондағы орыстардың саны 35.028 адам болса, 1911 жылы 235.480 адамға өсті. Яғни 14 жылдың ішінде 7 есеге өскен [2]. Ресей империясының қазақ

жерлерін тартып алуы, бұдан кейінгі жылдарда да жалғасып, 1906-1914-жылдар аралығында тағы да 17 миллион десятина жер тартып алынып, барлық отарлап алған жерлердің саны 45 миллион десятинаға жеткені, ал ондағы қоныс аударушылардың саны 2 миллион адамға өскені белгілі жағдай. Назар аударып айта кететін тағы бір мәселе бұл тартып алынған жерлердің біраз бөлігі суармалы жерлер болатын. Бір ғана Жетісу жеріндегі Орыс шаруалары келіп халықтан тартып алып қоныстанған жердің 62,5% суармалы жерлер болды. Нәтижесінде, қазақ жеріне қоныс аударып келген шаруалардың өзі қанаушы болып шыға келді.

Осы кездегі Қазақ халқының аянышты тағдырына жаны күйзелген қазақ зиялылары отарлық езгінің шеңгеліндегі халқының жағдайын жақсартуға бар күш-жігерін салған еді. Бақытжан Қаратаевтың мемлекеттік думаның мінберінен: «Біз, қырғыз-қайсақ... біздің шаруа бауырларымыздың жерге мұқтаждығын жақсы түсінеміз және сеземіз, біз ризашылығымызбен ығысып орын беруге әзірміз. Бірақ «басы артық жерлер өте аз», ал қоныстандыру қазіргі кезде қырғыз-қайсақ халқын көшіріп жіберумен қат-қабат жүргізіліп жатыр... Қырғыздарды жерлерінен емес, олардың тұрғын үйлерінен көшіріп жатыр» деп айтқан жанайқайы, ал Ахмет Байтұрсыновтың: «Қазақ ұлтының өмір сүруінің өзі проблемаға айналды» деп күңіренуі XX ға-

сырдың бас кезіндегі халқымыздың жағдайынан мол хабар береді.

Біз жоғарыда монархиялық Ресей кезіндегі қазақ жерінің қалай отарланып, қалай тартып алынғаны жөнінде қысқаша тоқталып өттік. Ресей империясының патшасы тақтан құлап, большевиктер партиясы басқарған Кеңес өкіметі орнағанынан кейін, бұрынғы шие-леніскен жер мәселесі қалай шешілді соған да назар салып өтейік.

1920 жылы Кеңестік негіздегі Қазақ автономиясы құрылды. Бұл автономия құрылғаннан кейін кеңестік билік жағына шыққан қайраткерлер қазақ автономиясының территориясын біріктіруде көп еңбек етті. Олардың аты өзгергенімен, заты өзгермеген ұлы орыстық шовинизммен және басқа да көптеген кедергілермен күресуіне тура келді.

Кеңес өкіметі алғашқы жылдары отаршылдық саясаттың сарқыншақтарын жою бағытында бірнеше декреттер қабылдады. Қабылданған декреттер бойынша Түркістан өлкесінде, Қазақ автономиясындағы отаршылдық қанау кезінде зорлықпен тартып алынған жерлер, жер иесі қазақ халқына қайтарылуы тиіс болатын. Осы деректерді іс жүзіне асыру қалай жүргізілді соған назар аударып көрейікші. Мәселен, Ресей империясы кезінде Жетісу облысы табиғатының өте қолайлығына байланысты және мұнда отарлаушы казактардың көп болуы Ресейден қоныс аударушы шаруаларды қатты қызықтырды. Бұл өңірге басқа аймақтарға

қарағанда қоныстанушылар өте көп мөлшерде келген болатын. Сондықтан бұл аймақтағы жер-су реформасын жүргізу аса қиын жағдайда жүрді. 1921-1922 жылдары Жетісудағы жер-су реформасын жүргізіп, тартып алынған жерлерді қазақтарға қайтару ісінде, осы істің жауапты жүргізушісі болған Сұлтанбек Қожанұлы басқарған комиссия біршама игілікті істерді атқарып, казак-орыстардың иелігінен 134,5 мың десятина жерді алып, қазақ кедейлеріне қайтарып берді. Жер-су реформасын жүргізуші комиссияның негізгі міндетіне: «1) Байлардың және кулактардың шаруашылықтарын жою; 2) Орыс селоларындағы артық жерлерді алу; 3) Бұрынғы қоныс аудару басқармасы берген жерлерден тыс, орыс шаруалары өз еріктерімен басып алған жерлерді алу; 4) Қазақ және орыс тұрғындарының жерді және суды пайдалану құқығын теңестіру; 5) 1916 жылдан кейін пайда болған орыс поселкілерін жою; 6) Орыс поселкілерін жоюдан кейін құрылған қорды жергілікті халыққа беру; 7) Отырықшылыққа көшуді қалаған бұрынғы көшпелілерді орналастыру» жатқан болатын.

Сонымен, Түркістан республикасы жер шаруашылығы халық комиссариатының тапсырмасы бойынша жұмыс істеген жер-су реформасын жүргізуші комиссияның жұмысы бойынша жалпы Түркістан өлкесінде: 161 орыс селосы, 175 хутор, 95 қыстау және 35 жеке басып алған жерлер

жойылған. Осы жойылған селолар, хуторлардан 8.084 шаруашылық көшіріліп, 232.891 десятина жер алынған [3].

Осы игілікті басқарылған үлкен ауқымды шара соңына дейін жеткізілмеді. Өйткені, қазақ жерін тартып алып, көптеген артықшылықтарды иемденген орыс шаруалары жер-су реформасына қатты қарсылық көрсетті. Олар күн-көріс жерімізді тартып алды деген сықылды байбалам салып, орталыққа арыз шағымдарын қарша боратты. Жер-су реформасын жүргізуші қайраткерлерді ұлтшылдыққа салынып, орыс шаруаларына қарсы террор жүргізіп отыр деп айыптады.

Осындай негізсіз шағымдардан кейін жер-су реформасын жүргізуші комиссияларды асыра сілтеулерге жол берді деп «тыныштандыру» мақсатында олардың одан әрі жұмыс істеуіне тиым салынған нұсқаулар да жоғарыдан көп кешіктірмей келіп жеткен болатын.

Әсіресе, Сұлтанбек Қожанұлы бастаған Жетісу жеріндегі комиссияның іс-әрекетіне шүйілгендер көп болды. Сұлтанбек Қожанұлы басқарған Жетісудағы жер-су реформасын жүргізуші комиссияның қазақтар үшін аса тиімді басталған жұмысты соңына дейін жеткізілмеді. Тіпті Сұлтанбек Қожанұлы басқарған комиссияның жұмысын тоқтату жөнінде РК(б) П Орталық комитетінің хатшысы Сталиннің атынан өктем түрдегі мынадай жедел хат келген болатын:

**Ташкент Средазбюро ЦК РКП
Гусеву
17/7 Копия ЦК КПТ
и Ходжанову.**

Недели две назад Цека РКП, удовлетворяя ходатайство Средазбюро и члена ЦК Рудзитака предписал в специальный телеграмманиемедленноприостановить выселения в Семиречье, произведенные комиссией Ходжанова. Сегодня получена телеграмма Рудзитака, где сказано: «Несмотря на трехкратный вызов Ходжанова из Семиречье, он под разными предложениями уклоняется выезжать Ташкент и продолжает там выселения и ...» ЦК РКП вынужден предписывает Средазбюро ЦК принять все меры к немедленному прекращению всяких выселений в Семиречье и привлечь к партийной ответственности виновников нарушения партийной директивы. ЦК РКП предписывает Средазбюро отозвать без промедления Ходжанова из Семиречье и направить его в Москву в ЦК для объяснений. О принятых мерах в выезде Ходжанова сообщите ЦК [4].

Міне осыдан кейін «партияның ұлт саясатындағы интернационалдық принциптері» бұзылды деген сылтаумен Сұлтанбек Қожанұлы комиссиясы Жетісудан кері шақырылып алынды. Кейінгі жылдары әртүрлі желеумен Сұлтанбек Қожанұлының шаужайына жармасушылар, оның Жетісуда жүргізген жер реформасын ұлтшылыққа балаған болатын.

Кеңестік құрылыстың алғаш-

қы жылдары Қазақстанның оңтүстігінде жүргізілген жер-су реформасының біршама жағдайы осылай болса, партия, кенес органдарындағы билікте еуропалықтар басым болған қазақ автономиясында жағдай бұдан да сорақы болатын. Олай дейтініміз, 1921 жылы 19 сәуірде Қазақ ОАК Жайық өзенінің сол жағасындағы және Ертіс өзенінің бойындағы он шақырымдық алқап, казак-орыс әскерлерінен алынып, қазақ еңбекшілеріне берілсін деген декрет шығарған болатын. Осы декрет бойынша қазақ шаруаларына Ертіс бойы аймағынан 177 мың десятина және Жайық өзенінің сол жақ жағалауынан 208 мың десятина астам жер берілуі тиіс болды. Кешегі күні зорлықпен тартып алынған осы жерлер, қазақ халқына қайтарылды ма? деген сұраққа мардымды жауап бере алмаймыз. Өйткені, Қазақстанда отаршылдық шовинистік саясаттың іс-әрекеттері өңін теріс айналдырған күйінде жалғасып жатқандықтан бұл жарлықтар орындалмаған күйінде қалды. Байып алған ауқатты орыс шаруаларының қолында жердің едәуір бөлігі болды және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан алғанда еуропалық селоларда, орыс-казак елді мекендерінде анау айтқандай өзгерістер жүргізілген жоқ. Осы сорақылықтар жөнінде жергілікті қайраткерлер ғана емес, қазақ жерінде әртүрлі жауапты қызметтер атқарған, осы сорақылықтарды өз көзімен көрген Т.Седельников, Г.Сафаров сынды

қайраткерлер де өз пікірлерін ұсыныс мақалаларында жазған болатын. Жалынды революционер, В.Лениннің серіктерінің бірі, Түрік комиссиясының құрамында қазақ жерінде болған Г.Сафаров «Без-баяғы бір әуен» деген мақаласында: «Қырғыздар (қазақтар) пролетар және жартылай пролетар элементтерін совет және партия құрылысы ісіне тарту жөнінде бәрінен де цифрлар жақсы сөйлейді. Бүкіл Қазақстанда жалғыз қырғыз-коммунист әйел бар, коммунист қырғыздар небары 4 процент. Қазақ республикасы Түркістан республикасынан үш жыл кейін құрылды деген сылтау дәлел емес: өзінің ұлт саясатын РК(б)П Қазаннан кейін бірден барлық жерде жүргізе бастады (Бұнда әңгіме Қазақ республикасы делагациясының қазақ автономиясындағы кемшіліктерге байланысты Г.Сафаровтың мақаласына жауап ретінде жазғанда, біз Түркістан автономиясынан үш жылдан кейін құрылды деген сынды ақталуы жөнінде болып отыр – Д.С.). Бұл тұрғыдан шет аймақтар кенжелеп қалды, бірақ Түркістанда да алғашқы үш жылдар Совет өкіметі анық отаршылдық бұрмалаудан арыла алмады. Бұл Қазақстанда қазір де орын алып отыр. Мысалы, патша үкіметі Жайықтың екі жағалауынан казактарға шабындыққа бай он шақырымдық өңірді кесіп берді. Казактар өзінің бұл сословиелік-ұлттық артықшылығын кедей қырғыздарды қанау үшін пайдаланды. Декретпен бұл өңір

күшін жойды, бірақ іс жүзінде осынау сартап болған ескі тәртіпті жою жайын ешкім де ойлап жүрген жоқ»,— деп нағыз шындықтың бетін ашқан болатын.

Қазақ автономиясының бұрынғы тартып алынған жерлерді қайтару былай тұрсын, қайта Ресейдің орталық аудандарынан ағылған қоныстанушылар легі толастамай, жаңа жерлерге келіп орналасып жатты. 1921 жылы қаңтар айында Қазақ автономиясы халық комиссарлар кеңесінің төрағасы В.А.Радус-Зенькович Москвада болып Қазақстан мен Ресейдің орталық аудандарының шаруашылық қатынастарын нығайту деген желеумен Қазақстанға мыңдаған орыс шаруаларын қоныс аудару мәселесін шешіп қайтты. Сөйтіп, Ресейдің орталық губернияларынан қоныс аударушыларға РСФСР жер шаруашылығы халық комиссариатының рұқсаты беріліп, орыс шаруаларының қазақ жеріне қоныс аударуы қайта басталды. 1922-1925 жылдары аралығында қазақ жеріне 200 мыңдай орыс шаруалары көшіп келді.

Бұл жағдай жерге байланысты бұрыннан ушыққан мәселелерді одан әрі ушықтыра түсті. Әсіресе, ұлтаралық қайшылық күшейе түсті. Сол кезеңдегі жерге байланысты ұлтаралық қатынастың күшейе түскенін атап көрсеткен **1924 жылы сәуір айында болған РК(б)П Қазақ облыстық комитетінің пленумы және 1925 жылы болған РК(б)П бүкіл қазақтың V Конференциясының қарар-**

ларында: «Жергілікті халықты жерге орналыстырып болғанша, елдің шаруашылық өміріндегі ұйымдастыру жұмыстарына кедергі келтіріп отырған өздігінен қоныс аударып келуді тоқтату жөнінде нақты әрекеттер жасалуы қажет» делінгенімен де, іс жүзінде жағдай басқаша болып шықты. Жоғарғы орталықтың тапсырмасымен Қазақстандағы партиялық билік Қазақстанға қоныс аударып келген шаруаларды жерге орналастырудың нақты жоспарын жасады. Мәселен, бұл жоспар бойынша, бірінші кезекте 1918 жылға дейін қазақ жеріне келген келімсектердің жерге оналасуы заңдастырылды. Екінші кезекте, Қазақстанға өз еркімен 1922 жылдың 31 тамызына дейін келгендер жер алады. Үшінші кезекте, Қазақстанға 1922 жылдың 31-тамызынан 1924 жылдың 7 тамызына дейінгі аралықта келгендер жер алуы тиіс болды [5]. Яғни жергілікті халықтың мүддесі екінші қатарға ығыстырылып, қазақ жерін келімсектермен толтыру әрекеті арнайы түрде заңдастырылып, бұдан кейінгі жылдары бұл әрекеттер одан әрі күшейіп, қатты қарқын ала түсті.

Сол кезеңде биліктің әр буынында отырған қазақтың ұлтжанды қайраткерлері орталықтың жерге орналастыру жөніндегі бұл шешімдеріне өз қарсылықтарын білдірді. Мәселен, 1925 жылы Қазақ облыстық партия комитетінің екінші хатшысы Сұлтанбек Қожанұлы, Қазақ облыстық атқару комитетінің төрағасы Жалау Мыңбаев, Халық комиссарлар

кеңесінің төрағасы Нығмет Нұрмақұлы, егін шаруашылығы халық комиссары Әлиасқар Әлібековтар орталықтың бұл шешімдеріне ашық қарсы шыққан болатын. 1925 жылы 11 сәуірде Қазақ орталық атқару комитеті 1922 жылдың 31 тамызынан кейін көшіп келген орыс шаруалары жерге орналастырылуға жатпайды деген шешім шығарады. Бірақ Қазақ ОАК-нің бұл шешімі орталық тарапынан қатты қарсылыққа тап болды. 1925 жылы 16 қыркүйек күні осы екі арадағы өзара келіспеушілікті қараған РК(б)П Қазақ облыстық партия комитетінің алқа мәжілісі Ф.Голощекин, С.Қожанов, Ежов, О.Жандосов, Ж.Мыңбаев, Н.Нұрмақов, Каширин, Оразбаева, Серғазиевтердің қатысуында мынадай қаулы қабылдайды: «1.Отстаивать перед ЦК РКП(б) полное запрещение самовольного переселенчества и организации такового наркомземом РСФСР впредь до землеустройства и виявления возможного колонизационного фонда после удовлетворения нужд местного населения. 2.Вопрос о пересмотре постановления от 11 апреля 1925 года о переселенцах, вселившихся после 31-го августа 1922 года, ввиду того, что Крайком по этому вопросу высказался в духе изданного декрета в своих заседаниях от 6 марта, от 12 августа, от 16 августа и от 6-го сентября 1925 года и в данной момент совершенно неясно возрождения со стороны федкомзема оставить открытыми

до обмена мнениями в ЦК РКП(б) по существу этого постановления и возможных разногласии. 3. Представителемв организуемого комиссию при ВЦИКе по этому вопросу предложить фракции КЦИК назначить Т.Мурзагалиева, поручив ему по выяснению пунктов разногласии доложить в крайком для обсуждения» [6]. Орталықтың шешіміне қарсылық білдірген мұндай қаулы қабылданған кезеңде Ф.Голощекин Қазақстанға енді ғана келіп, өз қызметіне кіріскен кезі еді. Ол алғашқы кезде сақ қимылдып, жергілікті қайраткерлердің шешімдеріне ашық қарсылық білдірмей, өзінің жымысқы ойларын жасырып бақты.

Артынан бұндай жымысқы әрекеттерге не үшін барғанын ашып айтты да. Мәселен, жерге байланысты қазақ қайраткерлерімен ашық күреске шыққанда, өзінің Қазақстанға алғаш келгенінде Қожанов және Садуақасов топтары өзін жақсылап «сыйлап» облыстық партия комитеті мәжілісінің күн тәртібіне жер мәселесін қойғанын айта келе: «Онда Қазақстан үкіметі мен БОАК-ның арасында қоныс аударушыларға қатысты талас мәселесі тұрды. Қазақ орталық атқару комитетінің 1922 жылдың 31 тамызынан кейін сырттан келген қоныс аударушылар жерге орналастыруға жатпайды деген шешімімен БОАК келіспей дұрыс істеді», деумен қатар, бұл мәселеде комиссия құрғызып, комиссия мүшелерімен, егін шаруашылығы

халық комиссары Ө.Әлібековпен жеке-жеке сөйлескенін баяндай отырып: «Бұлар Қазақстаннан 40-50 мың орыс жанұяларын Қазақстаннан шығармақшы екен немесе оларды мәңгілік арендатор етпекші екен, оның үстіне жерді жалға беруші Қазақ орталық атқару комитеті болып отыр. Сонда мен комиссияға келіп былай дедім: Жолдастар бұл өтпейді. Сіздерде оларды кері қоныс аударуға әскери күш бар ма? Олар кері кетуі үшін 200 мың адамға беретін материалдық жабдықтар сіздерде бар ма? Оларды қайда қоныс аударасындар? Ақылдасты, келісті сөйтіп, 1925 жылдың қыркүйек айына дейін келгендер жерге орнастырылатын болып өзгертілді» деп өзінің қулықпен жүзеге асырылған жымысқы әрекетін, мақтанышпен паш етіп баяндаған болатын [7]. Ал кейіннен ұлтжанды қайраткерлерді әртүрлі «топшылдықпен» айыптап республикадан кетірген соң, Қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық өмірдегі маңызды орын алатын жер мәселесіне келгендегі Голощекиннің іс-әрекеті кешегі отарлаушы, қанаушы империя шенеуніктерінен де асып түсіп, кең көлемде Ресейден келген шаруаларды қазақ жерінде орналастыруда алдына жан салмады. Қазақтың ұлтжанды қайраткерлері амал жоқтықтан келісімге баруға мәжбір болған жерге орналастыру кезегінің өзін айыптап бірінші кезекте қазақтарды жерге орналастыру, олар орналасып болғаннан кейін барып, қоныс аударушыларды

жерге орналастыруды ұлтшылдыққа теңеп, қоныс аударып келген орыс шаруалардың мүддесін қызғыштай қорғаумен болды.

Қазақстандағы Голощекиндік кезеңнің алғашқы жылдарында тікелей жер мәселесіне жауапты үкіметтік органдардың басында отырған жауапты қызметкерлерден халық комиссарлар кеңесінің төрағасы Нығмет Нұрмақов, 1924-1926 жылдары егін шаруашылығы халық комиссары Әлиасқар Әлібеков, 1926-1927 жылдары егін шаруашылығы халық комиссары Жағыпар Сұлтанбеков, жерге орналастыру басқармасының бастығы Сәлімгерей Қаратілеуовтер орталықтың және оның Қазақстандағы қолшоқпары Голощекиннің қазақ жерін отарлауды одан әрі жүргізіп отырған саясатына қарсылық білдірді.

Орталықтың қолдауы арқылы Қазақстандағы өз билігін нығайтқаннан кейін Голощекин жер мәселесіне қатысты өзіне қарсы шыққан бұл қайраткерлерге қарсы кеңінен шабуылды бастап ұлтшылдар деп айыптап қуғынға салды. Бұлардың іс-әрекетінен ұлтшылдықты көрген «қырағылар» да табылмай қалмады. Мәселен, 1929 жылы куәгер ретінде ОГПУ-дың шығыс бөлімі бастығының орынбасары Саенконың тергеу сұрақтарына жауап берген Әлібеков Кәрім деген өзінің 1921 жылдан бастап жер бөліміндегі әр түрлі жауапты қызметтерді атқарғанын баяндап, орталықтың жер саясатына қарсылық білдірген қайраткерлердің қатарынан

Түркістан өлкесі бойынша С.Қожановты, М.Тынышпаевты, А.Асфендияровты, Қ.Хожиковты ал Қазақстаннан Ә.Әлібековты, Ж.Сұлтанбековты, С.Қаратілеуовты және Н.Нұрмақовты атап, олардың «ұлтшылдық» әрекеттерін жіпке тізгендей айтып береді. Жер мәселесіне қатысты Қазақстандағы ұлтшылдардың идеялық тірегі, ақылшы-кеңесшісі Әлихан Бөкейханов деген ол, бұлар барлық мәселені сонымен кеңесіп шешеді және Ә.Бөкейханов арқылы проф. Швецовпен байланысып, Қазақстанға қоныс аударуды тоқтату үшін, арнайы зерттеу жүргізіп оның қортындысы бойынша бос жерлердің жоқ екенін жалған мәліметпен дәлелдемек болды деп жала да жапты. Әлихан Бөкейханов арқылы проф. Швецовпен байланысып оны Қазақстанға шақырған С.Қаратілеуовтің ұлты үшін қызметін былай деп бұрмалайды: «Когда в 1926 году Швецов приезжал в Кызыл-Орду, то в беседа с ним Каратилеуов выразился примерно в таком духе: «Ты уже старый человек, пожалуй, что это последняя научная работа. Поэтому чтобы Ваша имя осталось в истории казахского народа, вы должны выполнить эту работу так, как мы с Вами договорились, чтобы оградить казахские земли от колонизации» [8]. Жер нормаларына қатысты профессор Швецов жүргізген зерттеулерге қанағаттанбаған Голощекин профессор Швецовты, Ә.Бөкейхановты ақша алғаннан басқа ештеңе де бітірмеді деп айыптады.

Жер мәселесіне қатысты таптық тұрғыдан келу жоқ, басқа ұлттардың еңбекшілерінің мүддесін елемей деп, Қаратілеуов, Сұлтанбеков, Бөкейхановтардың еңбегін жоққа шығарды. Голощекинді қолдаған орталық 1927 жылы ақпан айында БОАК-тің орыс шаруаларын жерге орналастыруға байланысты кезектің барлық түрін жою жөніндегі қаулысын шығарды. Бұл қаулымен келіспеген егін шаруашылығы халық комиссары Жағыпар Сұлтанбеков арнайы Москваға барып, бұл қаулының күшін жоюға тырысқанымен де, орталық өзінің отаршылдық қаулысын өзгертпеген күйінде қалдырды. Қазақ халқының және Қазақстандағы жер жағдайын жақсы білген Жағыпар Сұлтанбеков Орталықтың қаулысын қолдаған Голощекиннің саясатын «Қоныс аударуды жүргізуші ше-неуніктің» ісі деген болатын. Міне, осындай саясаттан кейін Қазақстанға қоныс аудару легі толас-тамай одан әрі жалғаса берді. Бұл әрекеттер қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық өміріне үлкен қиыншылықтар туғызды. Сондықтан Н.Нұрмақов орталыққа жіберген жедел хаттарында Қазақстанға қоныс аударуды тоқтатуды сұраумен болды. «Өз еркімен қоныс аударушылар Петропавловск қаласына эшолондармен келіп түсуде. Олар Украина, Солтүстік Кавказдың жер басқармаларының рұқсат қағазын көрсетеді. Осыған қарсы шұғыл шаралар қолданып, Қазақстанға келушілерге қатаң тиым салсаңыздар екен. Губернияларға

қоныстанушыларды кері қайтару жөнінде бұйрық бердік» делінген еді Н.Нұрмақовтың орталыққа жолданған бір жедел хатында [9]. Бірақ орталық Н.Нұрмақовтың талабына ешбір шара қолданбады және құлақ аспады. 1927-1928 жылдары бір ғана Қостанай округіне 45803 адам келсе, Петропавл округіне 25575 орыс шаруалары келіп қоныстанды.

Ресей империясы кезінде орыс үкіметі қазақ жеріне орыс шаруаларын қоныс аудару арқылы оларды осы аймақтағы өздерінің әлеуметтік және саяси тірегі етсе, кеңестік кезеңде орталықтың қолдауымен бұл саясатты жалғастырып Голощекин де оларды өзінің саяси ойынындағы тірегі етуге бар күшін салды. Екі сөзінің бірінде еңбекшілер мүддесін, таптық күресті сылтау етіп, Қазақстанның ұлттық республика ретінде дамуына барынша кедергі жасап бақты. Осылайша жерінен айрылған Голощекиннің басқаруындағы қазақ халқын, бұдан кейінгі жылдары, бұдан да зор алапат күтіп тұрғанын, қайран халқым қайдан білсін.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ДЕРЕКТЕР

- Азиатская Россия. С.Петербург. 1914.
т.1. с.30
Азиатская Россия. С.Петербург. 1914.
т.1. с.69
ҚР ПМ. 139-қ, 1-т, 109- іс, 2-п.
ҚР ПМ. 811-қ, 24-т, 243- іс, 1-п.
Коммунистическая партия Казахстана в революциях и решениях съездов, конференций и пленумов. Алматы, 1981. с.34
ҚР ПМ. 141-қор, 1-т, 490-іс, 365-п.
ҚР ПМ. 141-қор, 1-т, 38-іс, 284-п.

Гүлжамила ТІЛЕУБАЕВА (Тилеубаева),
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
педагогикалық университеті, Шымкент

ҚОҒАМ ӘЛЕУМЕТТЕНУІНДЕГІ ДӘСТҮРДІҢ РӨЛІ

Мақалада «әлеуметтік институт» категориясы контекстінде «дәстүр» ұғымының теориялық және практикалық аспектілері талданады. Автор бүгінгі таңда оның шетелдік және отандық әлеуметтанулық әдебиеттерде екіұшты түсіндіріліп жүргенін атап көрсетеді. Еңбекте осы мәселеге қатысты әр түрлі әлеуметтанулық көзқарастар келтірілген, белсенділік, нормативтік, ұйымдастырушылық және басқа тәсілдер қарастырылған.

* * *

The theoretical and practical aspects of the concept of «tradition» in the context of the category of «social institution» are analyzed in the article. The authors emphasize that it has ambiguous interpretation in both foreign and domestic sociological literature nowadays. Various sociological points of view concerning this problem are presented in the paper; active, normative, organizational and other approaches are considered.

* * *

В статье анализируются теоретические и практические аспекты понятия «традиция» в контексте категории «социальный институт». Автор подчеркивает, что она имеет на сегодняшний день неоднозначную трактовку – как в зарубежной, так и в отечественной социологической литературе. В работе приведены различные социологические точки зрения, касающиеся этой проблематики, рассмотрены деятельностный, нормативный, организационный, а также другие подходы.

Кіріспе. Мәдениеттің өміршеңдігі мен тұрақтылығы оның бірлігі мен тұтастығын анықтайтын құрылымның дамуымен анықталады, Бұл мінез-құлық пен ұжымдық идеялардың бірыңғай ережелерін әзірлеуді қамтиды. Мәдениет жұмысының интеграциялық және тұрақтандырушы аспектілері қоғамның әлеуметтік институттарында қалыптасқан.

Қазіргі социологиялық әдебиеттерде әлеуметтік институттар мынадай тәсілдер тұрғысынан қарастырылады:

- ұйымдастыру институты әлеуметтік ұйым ретінде (мысалы, билік институттары: атқарушы, сот және заң шығарушы);

- нормативтік институт нормалар мен ережелер жүйесі, әлеуметтік рөлдердің жиынтығы, біртұтас мінез-құлық үлгілері, дараландырудың орындалатын әрекеттерінен айырады және оларды түсінікті, тағы, болжамды етеді.

Отандық ғылымда ең қолайлы, біздің көзқарасымыз бойынша, әлеуметтік институтты қызмет субъектілері ресми түрде мойындаған және бөлісетін нормалардың жиынтығы ретінде түсіну, соның арқасында олардың әрекеттері белгілі бір жағдайларда күтілетін және жасырын болып, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Олардың реттеуші әсері қандай да бір іс-әрекетке бұйрық береді немесе тыйым салады; немесе субъектіге мінез-құлықтың белгілі бір бағытын таңдауға мүмкіндік береді немесе қойылған мақсаттарға жету

үшін әлеуметтік білім берудің жұмыс істеу тәртібін белгілейді және т.б.

Әлеуметтік нормалардан басқа институционалдық жүйеге мыналар кіреді:

- құндылық ұғымдары – жалпы қоғамның санасында да, жеке адамдарда да үлкен мәнге ие материалдық емес заттар мен шындық құбылыстары; оларға ие болу немесе оларға қосылу маңызды;

- ынталандыру – қоғам мүшелерінің мінез-құлқына ынталандырушы әсер ету жүйесі.

Жоғарыда аталған әлеуметтік нормалар, құндылықтар мен ынталандырулар бақылау тетігі, қоғамдағы келісімді қолдау және оның табысты жұмыс істеуі үшін құрал болып табылады. Олар келесі маңызды функцияларды қамтамасыз етеді: қоғам қызметінің реттілігі мен ұйымдастырылуы, әлеуметтік рөлдер мен мәртебелердің көбеюі, қоғамдық дүниетанымның жүйелілігі.

Әлеуметтік институттар мүшелерінің мінез-құлқының жалпы қабылданған стандарттары әдетте келесі әлеуметтік нормалардың түрлеріне жатады:

1) қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас нормалары (ұйғарымдар, мінез-құлық қағидалары және т. б.);

2) моральдық және адамгершілік нормалар;

3) әдет-ғұрыптар, дәстүрлер, рәсімдер, т. б.

«Дәстүр» ұғымы, көптеген философиялық терминдер сияқты, нақты әрі қатып қалған мағынаға ие емес. **Оның мәнін анықтаудың үш тәсілі бар:**

- *этимологиялық тәсіл «дәстүр» деп ұрпақтан-ұрпаққа тәжірибенің белгілі бір трансляциясы түсініледі. Бұл бейтарап және кез-келген әлеуметтік мазмұнды беру мен сақтауды білдіреді;*

- *натуралистік тәсіл «дәстүр» деп кейінгі ұрпақтар таза түрде немесе интеллектуалды өңдеуде қабылдаған тезистердің жиынтығы түсініледі;*

- *герменевтикалық және феноменологиялық тәсілдер дәстүр «алалаушылық», ойлау немесе мінез-құлық стилі қалыптасатын белгілі бір үлгі ретінде түсініледі; дәстүрді мұндай түсіну тарих және коммуникация мәселелері мен байланысты.*

Қазақстан Республикасындағы қазіргі әлеуметтік-мәдени ахуал қоғамның тыныс-тіршілігін реттеудегі дәстүрдің рөлінің төмендеуімен сипатталады. Бұл объективті де, субъективті де факторларға байланысты: әлемдік жаһандану процесінің дамуы, мәдениеттің батыстануы, тиісті билік құрылымдары тарапынан қоғамдағы мәдени және білім беру процестеріне тиісті көңіл бөлінбеуі және еліміздің Кеңес үкіметі тұсында жетпіс жыл орыстардың боданында болуы және т. б.

Бұл факторлар қоғамдағы қазақы құндылықтардың дәстүрлі жүйесінің ыдырауына ықпал етті. Мысалы, қарапайым жастардың күнделікті тіршілігін алып қарайық. Жастардың басым көпшілігі масс медиа арқылы әлеуметтенуде. Яғни, киім киісі, тамақ жеуі, қоғамдық орындар мен отбасы және

достарының ортасында өзін ұстауы барлығы дерлік өздері сүйіп көретін телесериалдардың кейіпкерлері мен ұнатып тыңдайтын шетел музыкасының орындаушыларына еліктеуін көрсетеді. Ата-баба дәстүрлерін ұмыту қоғамдағы жағымсыз салдарға әкеледі: жеке тұлғаның бірегейлігі мен адамның өзімен және мәдениетімен үйлесімділігін жоғалту, өмірдің әр түрлі салаларындағы тұрақсыздық.

Рухани құндылықтардың бұндай трансформациясы қазақ қоғамының қазіргі заманғы дәстүрлі мәдениеті мен оның дамуының маңызын зерттеуді өзекті етті. Қоғамды өзін-өзі жоюдан сақтайтын бұл құбылысты зерттеу қоғам дамуының дәстүрлі көздерін ашады. Бірақ алдымен «дәстүр» ұғымының әлеуметтік институттануы тұрғысынан нақты анықтау қажет.

В. Далдың айтуы бойынша, дәстүр – бір ұрпақтан екінші ұрпаққа ауызша өткен нәрсе. Мысалы, дипломатияның дәстүрлі әдет-ғұрыптары, бастапқыда шартты түрде қабылданады. **С.И.Ожеговтың көзқарасы бойынша дәстүрді екі ұстаным негізінде қарастыруға болады:**

1) *бір ұрпақтан екінші ұрпаққа өткен, алдыңғы ұрпақтан қалған нәрсе (идеялар, талғамдар, іс-әрекет тәсілдері және т.б.);*

2) *күнделікті өмірде мінез-құлықта қалыптасқан тәртіп.*

Ұқсас түсіндірмені қазіргі анықтамалық әдебиеттерден табамыз:

1. *Бір ұрпақтан екінші ұрпаққа өтетін немесе өткен нәрсе. Бір нәрседе қалыптасқан тәртіп.*

Тарихи қалыптасқан және ұрпақтан-ұрпаққа берілетін тәжірибе, қоғамдық өмірдің кез келген саласындағы тәжірибе.

2. Кәдімгі, қабылданған норма, бір нәрсенің тәсілі.

3. Ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ауызша әңгіме; Дәстүрлі-қалыптасқан, дәстүрмен бекітілген. Мәдени дәстүрлер: әлеуметтік тәжірибе мен мәдени мұраның ұрпақтан-ұрпаққа берілетін элементтері («мәдени мәтін») – мінез-құлықтың нормалары мен үлгілері, әлеуметтік ұйымның нысандары, идеялары, әдет-ғұрыптары мен рәсімдері. Дәстүрлердің беделі олардың тарихи ежелгі дәуіріне негізделген.

Нәтижесінде мынаны атап өтуге болады: тарихта дәстүр деп аталатын әлеуметтік тәжірибені сақтау мен берудің әр түрлі тәсілдері, механизмдері мен формалары қалыптасып, орнықты. Дәстүр – адамдар тарихи мұра ретінде қабылдайтын мәдени құндылықтардың жалпы атауы. Осылайша, ол жеке тұлғаны әлеуметтендірудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. **Дәстүрдің мынадай әлеуметтік сипаттамаларын ажыратуға болады:**

1. Жеке тұлғаның мінез-құلقىның типтік бағдарламалары. Дәстүрдің беделі мінез-құлық пен ойлаудың өзгергіштігінің өсуін тежеуге бағытталған, өйткені ол ешкіммен және ешнәрсемен бақыланбайды, бұл анархияға, қоғамның ыдырауына әкеледі.

2. Өткен ұрпақтардың мінез-құлық тәжірибесін стандарттау және стереотиптеу. Мінез-құлықтың гетерогенді нұсқаларын

ретке келтіру оны біріктірудің әлеуметтік тенденциясына бағытталған: типтеу, жалпы қабылданған схемалар мен стандарттарды әзірлеу. Бұл екінші (центрипеталды) тенденция кез-келген қоғам өзінің тұтастығына қамқорлық жасай отырып, оның мүшелеріне тағайындалған мінез-құлықтың әлеуметтік кодтарының (бағдарламаларының) жүйесін дамытатындығымен көрінеді. Сонымен қатар, мінез-құлық салалары неғұрлым маңызды болса, соғұрлым олар қатаң реттеледі, стандарттар мен үлгілердің сақталуын бақылау соғұрлым күшті болады.

3. Дәстүр сабақтастығы – бір ұрпақтан екінші ұрпаққа өту қабілеті. Дәстүр өткен мен қазіргі арасындағы көрнекі органикалық байланысты жүзеге асырады, ұрпақтарды байланыстыратын ерекше көпір құрайды, онсыз прогрессивті даму мүмкін емес. Дәстүрлер – эстафетаның бір түрі, оның көмегімен өткен ұрпақ жаңа ұрпаққа ойлардың, сезімдердің, тәжірибелердің, идеялардың, дағдылардың жиынтығын жеткізеді және ұрпақтар жасаған барлық жақсылықтарды қабылдауға және сақтауға көмектеседі.

4. Дәстүр жеке тұлғаның этникалық өзін-өзі анықтауы ретінде әрекет етеді. Қазақ ұлтының тұлға болып қалыптасқан азаматының бойында өз ұлтының тыныс-тіршілігі арқылы қалыптасып, ана сүтімен дарып, әке еңбегімен бекіген ұлттық құндылықтары болуы керек. «Мен – тұлғамын, «Мен – қазақпын» деген екі ұғым бір-бірін то-

лықтырып тұруы керек.

5. Стандартталған мінез-құлықтың реттеуші сипаты оны әлеуметтік норма ұғымымен жақындастырады. Ол—әлеуметтік бақылау институтының негізгі категориясы, өйткені дәстүр бойынша жинақталған және мұра ретінде берілген әлеуметтік тәжірибенің кез-келген бірлігі оның жаппай қабылдауын және норма ретінде әрекет ететін тұрақты қайталануын қамтамасыз етеді.

Жоғарыда келтірілген ережелер дәстүрді қоғамдағы (әлеуметтік институт) адамдардың байланыстары мен қарым-қатынастарын ұйымдастырудың белгілі бір түрі ретінде жіктеуге мүмкіндік береді.

Бұл институттың элементтері — өткен ұрпақтардың мінез-құлық тәжірибесінің жалпы қабылданған стандарттары мен стереотиптері болса, олардың әдет-ғұрыптардан айырмашылығы, адамдардың бір-бірімен байланысын рәсімдейтін және реттейтін әлеуметтік нормалар мен ережелер болуында. Дәстүр сонымен қатар өткенге қатыстылық сезімі, өзінен бұрынғылардың алдындағы борыш, олардың жетістіктерін арттыруға деген ұмтылыс және т. б. сияқты әлеуметтік институттарды, сондай-ақ интегративті ынтымақтастық сезімдерін, адамдардың бір-бірімен органикалық байланысын, олардың дүниетанымдық жақындығын, моральдық міндеттемелермен байланысын және т.б. қалыптастырады.

Қоғамның әлеуметтік-мәдени өмірін заманауи жаңғырту күтпеген салдармен қатар жүреді. Бұл әлемнің әр түрлі мә-

дени аймақтарына кіретін қоғамдардағы құндылық бағдарларының алшақтығын тудырады; олар үшін күтпеген салдарлар мен дисфункциялар бірге жүреді. Егер бұрын бұрынғы дәстүрлерден алшақтау әрекеттерімен ерекшеленетін модернизация қоғамның әлеуметтік өмірінің кейбір маңызды элементтерін (дәстүрлі отбасылық құндылықтар, жыныстық сәйкестілік және т.б.) сақтаған болса, онда қазіргі қоғамда жахандану үдерісі салдарынан дәстүрлерден бас тарту радикалды бола бастайды. Адамдар енді оларды сөзсіз «табиғи тәртіп» ретінде қабылдамайды. Нәтижесінде орталықтандырылған және иерархиялық әлеуметтік-мәдени кеңістік жергілікті және нашар үйлестірілген процестердің жиынтығына айналады, бұл адамды анықтау тәсілдерін түбегейлі өзгертеді. Егер бұрын жеке тұлға жеке тұлғаны құру, сондай-ақ оны сақтау мәселелерімен айналысқан болса, енді оның сақталуын болдырмау және тұрақты, өзгермейтін нәрсеге айналу міндеті басым болады. Нәтижесінде, қазіргі әлеуметтік өмірдің ашықтығы құндылықтар мен биліктің плюрализациясы, сондай-ақ көптеген құнды баламалардың болуы нәтижесінде қоғамның атомизациясы мен өзін-өзі жоюы орын алады. Жеке тұлғаның дәстүрлі «Тәуелсіздігін» алумен, оның қысымнан және билік тарапынан қатаң реттелуден бостандығын алумен қатар, ол тамыр мен адамның сүйіспеншілігінен айырылады. Сайып

келгенде, мұның бәрі жеке басының дағдарысына және тұлғаның жағымсыз психо-эмоционалды күйінің көрінуіне әкеледі. Екінші жағынан, постмодерндік адам қоғамның белсенді азаматы болуды тоқтатады; ол өте прагматикалық, жағдайға бейімделу тәсілі ретінде қызмет ететін масқаларды оңай өзгертеді; егер ол қиын жағдайдан шығудың дұрыс жолы деп санаса, ол сенімін өзгертеді. Ол толерантты, өзі өмір сүреді және басқаларға өмір сүруге мүмкіндік береді, осы төзімділіктің шегі туралы сұрақ туындаған жағдайлардан қорқады және аулақ болады.

Қорытынды. Жаһандану дәуірінде біртекті мәдени үлгілердің әмбебап таралуы сөзсіз қоғамның ұлттық дәстүрлері мен психикалық көзқарастарының төмендеуіне әкеледі деп айту керек. Бұл әлемдік қоғамдастықтың саясатының, экономикасы мен мәдениетінің біртектілігін тудырады. Дәстүрлерді дамыту

адамзаттың алуан түрлілігін, оның «гүлдену күрделілігін», сондай-ақ жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесін сақтау үшін үлкен маңызға ие.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байбурин А.К. Ритуал в традиционной культуре (структурно-семантический анализ восточнославянских обрядов). СПб.: «Наука», 1993.

2. Бакланова Т.И. Народная художественная культура в содержании современного образования // Русская школа (из опыта работы учреждений образования Северного учебного округа: сборник). М., 2003.

3. Гладиллина И.П., Королева Г.М. Роль традиционной народной культуры в консолидации современного общества // Армия и общество. 2012. № 2.

4. Сергодеева Е.А. Традиции в современном обществе: особенности конструирования идентичности // Вестн. Адыг. гос. ун-та. Сер. 1: «Религиоведение: философия, история, социология, юриспруденция, политология, культурология». 2013. Вып. 1(113).

ЖЫР-ШАШУ

Серік Іргебайтегі 1962 жылы қазіргі Абай облысы Үржар ауданы Науалы ауылында дүниеге келген. 1979 жылы туған жеріндегі В.Маяковский атындағы орта мектепті тәмамдап, әскери борышын өтеп қайтқан. Алматы технология техникумын, Абай атындағы Семей мәдени-ағарту училищесін, Алматы үздіксіз білім беру институтын бітірген. Әдіскер, драма үйірмесінің жетекшісі, мәдениет меңгерушісі, алғашқы әскери дайындық, дене тәрбиесі мұғалімі сынды әр түрлі қызметтер атқарған. Қазір ол Алматыда тұрады.

Серік Кәрібайұлы сондай-ақ құрмет грамоталарымен, әр қилы дипломдармен марапатталған. Мемлекеттік тілдің мәртебесіне байланысты Семейде өткен ақындар айтысының жүлдегері.



АНА ТІЛІМ

**Ана тілі бесігімді тербеткен,
Ана тілі бал тілімді сөйлеткен.
Ана тілі – құдіретім, қуатым,
«Ана» деген сөзді алғаш үйреткен.**

**Ана тілі – мөлдір бұлақ, тұнығым,
Ана тілден көп нәрсені ұғындым.
Ана тілім – бабалардың мұрасы,
Ең асқары, ең биігі шыңымның.**

**Ана тілі – ақыл-ойым, ырысым,
Ана тілі – өмір сүрші біз үшін!
Қазақ болып туғанымға қуанам,
Ана тілі, жаным пида сен үшін.**

ҰСТАЗЫМ

**Ұстазым, айналайын, білім берген,
Күн нұрындай шуақ шашып күлімдеген.
Ізгілікке жетелеген келбетіңнен,
Мейірім мен жылулық жүзін көрем.**

**Әлемдегі Сіз ғана сыйлы адам,
Барын, нәрін шәкірттен аямаған.
«Бар жақсылық – балаға» деп тілеген,
Ұстаз ана, ардақты, аяулы ана.**

ЖАН ӘКЕ

*Өткір едің, өрт едің алау, әке,
Ұл-қызыңды бақытқа балап едің.
Ортамызда жүруші ең көшбасшы боп,
Тірі болсаң тоқсанға толар едің.*

*Ширек ғасыр болытты сен өткелі,
Ұрпағыңның жайқалды желектері.
Аянбай халық үшін терің төктің
Ардагер, деді үкімет, елеп сені.*

*Ақсақал ең сыйлаған елің сені,
Кеудең сара, мінезің тұйық еді.
Отырушы ең қолға алып домбыраңды,
Күйге бөлеп дүбірлі дүниені.*

*Мәрт мінезден өтіңсің бір арылмай,
Жүрегің жақсылықтың тұрағындай.
Зағи анам екеуің көрінуші ең,
Жұбын жазбас аққудың сыңарындай.*

*Қадірлеуші ең қазақтың салтын да ерен,
Азамат ең ел бағы жансын деген.
Жүруші ең намазыңды қаза қылмай,
Сегіз қырлы, бір сырлы қалтыңменен.*

*Ақылман ең талайдан асып туған,
Тірліктегі өзің ең бақытты жан.
Жан әке, рухың бізді жебей берсін,
Қайттым бүгін басыңа оқып құран.*

Серік ІРГЕБАЙТЕГІ,
Алматы облысы,
Қарасай ауданы,
Қарасу ауылы.